

ҒАРЫШКЕР, ӘЛДЕ БЛОГЕР БОЛАМЫЗ?..

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№14
(1821)
9 сәуір
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжәшіт Ақшамы Газеті

ЗАУЫТ САЛЫП ЖҮР...

Өткенде, осыдан біршама күн бұрын Сырдария ауданында жүгері дақұлын терең өңдеу зауытының іргетасы қаланды. Қуанып жатырмыз. Шыны айтқанда бұл зауытқа оңайлықпен қол жеткен жоқ. Айтпағанда болғанымен жылдар бойғы зерделеу, инвесторлармен келіссөз жүргізу жұмыстарының жемісі.

Рәсімде сөйлеген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының өз сөзімен айтар болсақ «Президентіміз айқындап берген экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер аясында аймағымызда нақты істерді кезек-кезеңімен жүзеге асырып келеміз.

Өткен жылы тамыз айында Жетісу өңіріне арнайы жұмыс сапарымен барып, еліміздегі ірі өндіріс орындарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауытымен» жан-жақты таныстық. Келіссөздер нәтижесінде серіктестіктің қолдауымен облысымызда жүгері дақұлын терең өңдейтін жаңа зауыт салу жөнінде маңызды келісімге қол жетті. Бүгін аймағымыз, оның ішінде Сырдария ауданының тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәттің күәсі болуға жиналды. Жылына 150 мың тонна жүгері дақұлын терең өңдейтін, 40 млрд.теңгенің жаңа өндіріс орнының іргетасы қалануда. Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді».

Жаңа зауыт жаңалығы осындай. Әкімнің сол рәсімде сөйлеген сөзіне қарағанда «Биылдан бастап жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңірміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Терең өңдеу бағытталған жүгері өндірісін қолға алған шаруаларға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі».

Бүгінде қалбырдағы жүгерісіз салат жемейтін, жүгеріден даярланған поп корнсыз кино көрмейтін, жүгерінің шашағы да ем екен деп жүгерінің шипалы шайын ішіп жүрген көп жұртқа жүгері жақсы азық болып тұрғаны, оның нарықта өтімді екені белгілі. Тіпті оны тегінге де екпейсің, мемлекет қаржы береді. Жасыратын несі бар, су ташылығына орай қысқарған күріш егісінің орнына суды көп қажет ете бермейтін, жерді бір саусағыңмен шұқып, сол шұқыған жеріңе дәннен салсаң, көп күтімді де қажет етпей-ақ қау ете қалатын жүгері көп судан көп үміт ете бермейтін біздер үшін тәуір дақұл болып тұр...

Ойлап отырсақ бұл зауыт сол дақұл егетін ауылды, аймақтың ауылшаруашылығын дамытады екен. Жүгері екеннен бөлек, оны терең өңдеп, нарықта өткізетін ауылдағылардың да тұрмысы жақсаратыны сөзсіз. Жүгеріні терең өңдеу зауыты іске қосылғанда жеңіл өнеркәсіпті, оның ішінде тамақ өнеркәсібін дамытады. Сыр бойы өндірісшілерін қалыптастырады. Қызылорданың өндіріс ашуға деген тәбетін бұдан әрі аша түседі...



бірінші басымдық етіп қойды. Нәтижесінде көп ұзамай зауыт ашылып, өнім шығара бастады. Айта кетейік жылдық қуаттылығы 197,1 мың тонналық бұл зауыт – елдегі табақша шыны шығаратын бірден-бір инновациялық зауыт. Зауыт арзанға түскен жоқ, Оған 42 млрд. теңге шетел инвестициясы тартылғаны белгілі. Бір қызығы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузия елдері біздің шыны табақшаларды пайдалануда. Мақтансын.

Әкім бір мұнымен тоқтап қалмады. 2023-ші жылы Қытайға барған ресми іс-сапар нәтижесінде 2024-ші жылы жылына 5 млн. шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірілетін желі іске қосылды. Бұл жоба да арзан емес. Кемі 15 млн. доллар.

Жұмыс мұнымен де тоқтамайды. Осы зауыт айналасында айна, бөтелке, шындалған шыны шығады...

Дарияның сол жағалауынан жаңа қала салып жатқан қызылордалықтардың құрылыс қарқынына өзіміз де, өзгерде де аң-таң. Қалайша осыншама қысқа уақытта қаншама тұрғын үйлер, мәдениет, өнер, спорт және денсаулық нысандары салынды, салынып та жатыр. Осы құрылыстарға қажетті материалдарды жергілікті жерден қамтамасыз ету үшін асфальт, бетон, тағы басқа зауыттар ашылып жатыр. Былтыр тіпті құны 5 млрд. теңге тұратын «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауытының ашылғаны бір Қызылорда ғана емес, бүкіл Қазақстанды қуантты. Жылына 90 млн. кірпіш шығаратын зауыт елдің біраз аймағын қамтамасыз ететіні анық. Өрі өндірісі автоматтандырылған, технологиясы жаңа, басқа кірпіш зауыттарындай көмір жағып, айналаны түтінмен тұншықтырмайды.

Айта берсек айтатын көп екен. Мәселен түйсік көп Аралда түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыт та аймақтағы өнім өндіру мен оны өңдеуді қолға алудағы қарқынның бірі.

Аймақ айбатын асыратын 414 млрд. 700 млн. теңгенің «Шалқия» кен байыту фабрикасы, 161 млрд. 400 млн. теңгенің кальцийленген сода зауыты, «Seven Rivers technologies» компаниясының 60 млрд. теңгелік бөтелке шығаратын зауыты, Оңтүстік Кореяның «With you Qyzylorda»

«Roca Group» компаниясының 44 млрд. теңгелік санитарлық-техникалық өнім шығаратын зауыты, Швейцарияның «Harvest agro» компаниясының құны 51 млрд. теңгелік техникалық қарасора мен жүгері, соя өсіретін және оны өңдейтін зауыты, сөз басында айтқан Жаркенттің жүгері дақұлын терең өңдейтін крахмал-сірне зауыттары – жаңа жұмыс, табыс көзі екені анық.

Ертеңгі күні осы зауыттар толықтай іске қосылып, жұмыс істей бастағанда аймағымыздың әлеуеті бұдан да артып, тұрмыс жағдайымыз бұдан да жақсара түседі. Зауыт, фабрикаларда жұмыс істейтін жұмысшы-инженерлер, техниктердің мәртебесі артады.

Мемлекет басшысы мақтап, жұрты жақтап жүрген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы текке зауыт салып жүрген жоқ. Егін егіп, мал баққан шаруаға серік болар жұмысшыға жұмыс тауып беріп, өңірдің өркендеуі өзегі болар өндірісті өркендетіп, туған өлкесін тың жердей бір түлетсем деп жүр.

Кезінде етігімен су кешкен, маңдай терімен ел игілігіне еткен еңбегімен, елім иманды болсын деп мешіт тұрғызып ниетімен есімін ел есінде қалдырған әкесі Машбек ақсақалдың, ел басқару қызметіндегі даралығымен, ұлағатымен халқына қызмет етер жастардың ұстазына айналған Бердібек Сапарбаев ағасының үлгісімен өзі де туған жерге әкім болған қызметінде халқына адал, жақсы ісімен жұртына жақсы атты болғысы келетін іскер әкімнің төрт жылында облыс бюджетін екі еседен астам көбейткенін, Қызылордаға млрд.-таған инвестицияны құйғанын, инфрақұрылымның жақсарғанын, әсіресе «Жезқазған» жолының жөнделіп болып, «Ақтөбе» жолының қолға алынғанын, жаңарған ЖЭО-н, қалада ғана емес, ауылдарда да тұрғын үйлер салынып жатқанын, аймақта тағы да басқа жасалған жақсы істерді кешелі-бүгінді жұрт жарыса жазауда. «Халық қалт айтыпайды» дегендей...

Жаңалық, игі істер көп-ақ... Тіпті кейде жасалған жұмыстарға қарап отырып, осының бәрі «аз ғана уақытқа, бір әкімге қалай сыйып тұр» деп ойланасың...

Н.Нәлібаев әкім болып алғаш келген кезінде «Қорқыт» басына елді жинап, осы елдің бірлігіне, татулығына, жақсы тұрмысына қызмет ететін деген анта бергісіз берген уәдесінде тұрып келеді.

Өзі айтпақшы кезінде елге еңбегі сіңген ардагерлерімізді ардақтап келеміз. Олардың мерейтойлары әкім құрметінсіз өтпейді. Бірде-бір жаңа нысан ақсақалдардың топтап лента қиюынсыз ашылмайды... Бірде-бір мерекелік іс-шара үлкендерсіз басталмайды.

Аймақ кәсіпкерлерінің жанашырлығымен ашылған алғашқы нысандардың бірегейі «Анаға тағзым» ақ жаулықты аналардың қыздарына, келіндеріне шеберлік мектебіне айналды. Қаладағы жаңа нысандардың ең жарқыны «Өнер» орталығы бір Қызылорданың ғана емес, еліміздің белгілі өнер адамдарының ордасына айналды.

Жастарды жігерлендіріп, мықтылыққа баулып жатқан алып «Қызылорда – Арена» стадионымыз тағы бар...

Осындай жақсы жаңалықтарды тізбелеп жазып отырып, іштей өз туған жеріңнің жетістіктері үшін мақтанасың, марқаясың. Жазар жақсылықтарымыз көп болсыншы!

С.БИХОЖАЕВА

Жер кіндігі Байқоңырдан ғарышқа алғаш адам ұшқан кезден бастап, жас балаға өскенде кім боласың десе, бар бала ғарышкер боламын дейтін еді...

Сол кездердегі әдемі қыздарға арналған махаббат әндері де «Айды алып беремін» болып жататын.

Қазіргі баланың бар арманы ғарышкерден гөрі блогер болу. Түсінікті де. Ғарыш кемесіне мініп, көкке ұшып, жер планетасын айнамай-ақ бір телефонның кнопкісімен жер үстін жеті айналып, жер бетіндегі бар жұмақты жұдырығыңда ұстауға болады. Жұрттың көрмегенін көріп, кимегенін киіп, жемегенін жеп жүрген блогерлерден бүгінде бақытты, бақуатты кім бар...

Өмір бойы шахтада көмір қазып, өңі сол көмірдей қап-қара шахтер болғанда, күн астында күріш өсіріп күрішші болғанда ғұмырыңда көрген бар қызығың блогердің бір күндік тамашасына жетпейді...

Сонымен блогер жақсы ма, әлде әлде де ғарышты армандаймыз ба? Армандайтындыр бар, жоқ емес. Өйткені ғарышта біз білмейтін пайда бар. Мәселен, ауқатты, алдындағы 10 жылдығын былай қойып жүз жылдығын жоспарлайтын бай елдер жер астындағы қазба байлықтар таусылғанда, Айдағы бағалы минералдарды, тағы да басқа металлдарды, жердегі қоры таусылуға жақын, әрі кетсе 20 жылға ғана жететін, платина тобына жататын, микроэлектроникада қолданылатын ниобия сияқты бағалылар сол Айда бар дейді.

Ресей Ғылым Академиясының Астрономия институтының ғылыми жетекшісі Б.Шустовтың айтуынша ғарыштағы астероидтарда судың көп көлемі бар екен. Су мұз, қар түрінде болады ма, бәрібір. Ол минералдардың барлығының құрамында бар. Қыздырғанда буға айналады. Бай елдер өз зертханаларында осы суды алу жолдарын зерттеп жатыр екен. Ғалымның айтуынша су ішуге, жуынуға ғана керек емес, сонымен қатар ол отын, тегін, әрі тұрақты күн қуаты арқылы еріген су сутегі мен оттегіге бөлінеді, ал бұл планетааралық тез саяхат жасауға қуатты отын.

Ай туралы айтқанда ақындардың «айды алып беремін» деген құр махаббат қиялынан гөрі АҚШ-тағы бай адамдардың көшін бастап тұрған миллиардер Илон Масктың енді бір 10 жылда Айға, одан кейін Марсқа қала саламын деп айтқанына иланасың...

12 сәуір – Ғарышкерлер күні, тым болмаса бір күн Айдағы айдай өмірді армандасақ несі бар...

ОРТАҚ ТЫҢ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛАШАР

«ОҒЫЗ ФЕНОМЕНИ: ҰЛЫ ДАЛАДАН АНАДОЛЫҒА ДЕЙІН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ МЕН КӨРМЕСІ ӨТТІ

Ыстанбұл қаласындағы Түрік және ислам өнері музейінде «Оғыз феномені: Ұлы Даладан Анадолияға дейін» атты халықаралық конференция және көрме өтті.

Мазмұнды әрі тағылымды шараны Қызылорда облысы әкімдігі мен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен ҚР Ұлттық музейі және Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Негізгі мақсаты - оғыз мұрасы негізінде Ұлы Дала мен Анадолия арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты айқындау, түркі әлемінің ортақ құндылықтарын зерделеу және ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

Конференция Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтің алғысөзімен ашылды. Шараға Қазақстан Республикасының Түркиядағы Бас консулы Аманқұл Нұридидинов, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы, Түркияның Мәдениет және туризм министрлігінің департамент директоры Бироль Инджеджикоз, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының өкілдері қатысты.

Конференцияның пленарлық отырысында қатысушылар оғыз тайпаларының шығу тегі мен тарихи рөлі, олардың қазіргі түркі өркениетіне ықпалы, Анадолия аумағындағы археологиялық зерттеулер, сондай-ақ Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың урбанизациялық үдерістері жөнінде мазмұнды баяндамаларын ұсынды. Сонымен қатар жаңа археологиялық деректер мен музейлік тәжірибелер кеңінен талқыланып, өзара пікір алмасу жүргізілді.

Жиыннан кейін көрменің салтанатты ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Бас консулы Аманқұл Нұридидинов, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы және Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев көрмені аралап, аталған шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Түркия мемлекетінің және Түрксой ұйымының өкілдеріне облыс әкімінің Алғыс хаты және Сыр өңірінің бренді - күршітен жасалған картина табысталды.

Сонымен бірге Сырдың дәстүрлі жыр-термелері орындалып, қобыз сазы арқылы ұлттық рухани мұра кеңінен насихатталды. Көрме экспозициясында оғыз дәуіріне тиесілі бірегей археологиялық жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылып, сол арқылы түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени мұрасы жан-жақты таныстырылды.

Қорыта айтқанда Қазақ даласындағы түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтарды бір тамырдан нәр алып жатқан туысқан түркі бауырлармен жете дәріптеудің маңызы зор.

Осы тұрғыдан алғанда Қызылорда облысының әкімдігі Сыр бойындағы оғыз мәдениетінің ғылыми зерделеу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізіп келеді. Соңғы үш жыл бойы Ұлттық музеймен бірлесіп Елорда төрінде бірнеше халықаралық көрмелер, конференциялар өткізілді.

Енді осы мәдени шаралардың ауқымы кеңейіп, Ұлы Даладағы оғыз мәдениетінің тарихи сабақтастығын зерделеуге бағытталған халықаралық конференция мен көрме жұмысы ұйымдастырылды.

Тарихи ортақ халықтардың келешегі үшін мұндай шараларды бірлесіп өткізудің идеялық мазмұны да айрықша және ол екі ел арасындағы ортақ тың жобаларға жол ашары айқын.

Сайлаубай ӘБШЕВ:

ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ ӨЗ ӨМІРІМ...

5-бетте



Соңғы жылдары Қызылордада жәймен-жәймен зауыттар ашылып келеді. Бұдан төрт жыл бұрын аймаққа әкім болып келген Нұрлыбек Машбекұлы жылдар бойы жыр болып келген шыны зауытын іске қосуды

компаниясының 37 млрд. 800 млн. теңгелік қатты қалдықтарды өңдеу зауыты, 17 млрд. 300 млн. теңгенің «Табиғи тас Қызылорданың» жылына 1 млн. 100 мың тонна ақ шығаратын зауыты, Испанияның

ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов өңірдегі жас мемлекеттік қызметшілермен кездесті. Аймақ басшысы жастар саясатын қолдау бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміздің басшылығымен, қоғамның белсенді қолдауымен жазылған жаңа Ата Заңымыз жалпыхалықтық референдумда қабылданды. Мемлекет басшымыздың Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларын Сыр жұртымыз, оның ішінде жастарымыз әрдайым қолдайды.

Еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруда жастарға айрықша көңіл бөлініп, жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бүгінде аймақ халқының 30%-н жастар құрайды. Өткен жылы жастар саясатын дамытуға және қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 105 млн. теңге бөлінді. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотечкалық несиені беру бағдарламасына бюджеттен 1 млрд. 200 млн. теңге, «Отбасы банктен» 500 млн. теңге қаралған. Бағдарлама аясында

2023 жылдан бері жыл сайын 100 жас отбасыға тұрғын үй беріліп келеді. Олардың арасында жас мемлекеттік қызметшілер де бар. Жастар бастамалары мен жобаларын қолдап, жүзеге асыру үшін 310 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде Жақып Асанов жас мемлекеттік қызметшілермен маңызды мәселелер жайында пікір алмасты. Тың бастамалар мен ұсыныстарын тыңдап, өз ойын білесті.

Бүгінде облыста 3 300-ден астам мемлекеттік қызметші еңбек етсе, 430-дан астамы жас мемлекеттік қызметшілер, 58-і басшылық лауазымдарда жас басқарушылардың пулын қалыптастырып келеді.

Өңірлік кадр резервшілері арасынан 14 жас маман мемлекеттік қызметке қабылданды. Білімді жастардың мемлекеттік қызметке орналасу талаптары жеңілдеп, жоғары оқу орнын үздік бітірген 18 түлек аудандық, ауылдық жерлердегі лауазымдарға конкурстық тағайындалды.

АУЫЗ СУ ТАРИФІ ӨЗГЕРДІ

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі негізінде 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап ауыз су қызметінің тарифі жаңартылды.

Су есептегіші (счотчик) бар тұтынушылар үшін — 1 м³ су бағасы 30 теңгеден 70 теңгеге көтерілді. Су есептегіші жоқ тұтынушылар үшін — 1 м³ су бағасы 40 теңгеден 120 теңгеге көтерілді.

Жаңартылған ауыз су тарифіне қатысты Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының, «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының және облыс көлемінде жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен ағымдағы жылдың 2-3 сәуір күндері су көзін тұтынушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесулер барысында жаңа тарифтің енгізілу себептері түсіндіріліп, тұтынушылардың сұрақтарына жауап берілді.

«Сыр суы» филиалының баспасөз қызметі.

ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ЖАҢАРАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Онда Президент Әкімшілігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімдері негізінде, Әділет министрлігінің бұйрығымен облыстық әділет департаментінің басшысы болып тағайындалған Әлмеш Баукең Серікұлы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, нотариалдық, адвокаттық, заң кеңесшілері қызметінің нәтижелілігін арттыру, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жандандыруға қатысты міндеттерді айқындады.

– «Әділет министрлігімен өзара байланысты күшейтіп, өңірімізде нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу және сараптау жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Азаматтарымызға құқықтық қолдау көрсетуді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды тапсырамын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Баукең Серікұлы 1991 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы Түркістан облыстық әділет департаментінде бастаған. Әр жылдары аталған департаментке қарасты Шымкент қалалық, Төлеби, Сарыағаш, Сайрам, Ордабасы аудандық әділет басқармаларында жауапты қызметтер атқарған.

2017-2023 жылдары Алматы облысы Ескелді аудандық әділет басқармасының басшысы, Қызылорда облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары болған.

2023 жылдан бері Ақмола облыстық әділет департаментінің басшысы лауазымында қызмет еткен.

ӘКІМ ТАПСЫРМА ТАПСЫРДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақтың өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалу барысы талқыланды. Оған қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент, аумақтық инспекция басшылары қатысты.

– «Кәсіпорындардың толық өндірістік қуатпен жұмыс істеуі, қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуі, инфрақұрылымның қолжетімділігі және дайын өнімнің нарыққа өткізілуі мұқият бақылауда болуы тиіс.

Аймағымыздың экономикасына тиімді үлес қосатын өндіріс бағыттарын дамыту және іске қосу шараларын ұйымдастырыңыздар.

Құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сай орындалып, нысандардың белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі қадағалансын. Облыстық құрылыс басқармасы қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, қалыптасқан оң динамиканы сақтау үшін жұмысты жалғастырысын.

Егін науқанына дайындық күнделікті тексеріліп, көктемгі дала жұмыстары кедергісіз, сапалы және уақытылы жүргізілуі тиіс. Ұйымдастырушылық шаралардың барлығы уақытылы іске асырылып, жұмыс баярсы тұрақты бақылауда болуы керек», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұдан бөлек аймақ басшысы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, рейдтерді тұрақты жүргізу, жұмыссыздық деңгейін төмендетуде тиімді шаралар қабылдау, салық базасын ұлғайту, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы іс-шараларды жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

КӨМІРСІЗ БӘРІБІР ӨМІР ЖОҚ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде көмір өнеркәсібі мен генерациясын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда көмір энергетикасын дамытудың маңыздылығына тоқталып, көмірмен қуат өндіру ісі бойынша Ұлттық жоба қабылдауды тапсырды. Жоба аясында 5 жыл ішінде жаңа станса салу және қолданыстағы 11 стансаны жаңғырту есебінен 8 ГВт қосымша энергия қуатын алу көзделіп отыр. Көмір өнеркәсібі және көмір стансаларында электр энергиясын өндіру отандық отын-энергетикалық кешеннің негізгі салалары саналады. Олар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы ел экономикасында көмірмен қуат өндіру ісінің маңызын әрдайым атап өтіп, саланы одан әрі дамыту үшін бірқатар бағыттарды айқындап берді. Көмір қоры бойынша біз әлемдегі жетекші 10 елдің қатарына кіреміз. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз, оны тиімді пайдалануымыз керек.

(Үкімет жиынынан)

– «Мамырдың 1-не дейін алдағы жылы беру маусымына дайындық жөніндегі штабтарды құрып, тиісті іс-шаралар жоспарын бекітіңіздер. Мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары 25 тамызға дейін толық аяқталуы тиіс. Өлеуметтік нысандарға сұйық және қатты отынды келісімшартта көрсетілген бағамен уақытылы жеткізіп, жылу қазандықтарын сұйық отыннан табиғи газға ауыстыру керек. Жылу орталығының қазандықтарын, желілерді жөндеу мерзімі 1 қазанға дейін деп белгіленген. Алдағы жылы беру маусымына дайындыққа күнделікті мониторинг жүргізіп, жұмыстың сапасына баса мән беру қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Өңірде жылу беру маусымы биыл штаттық режимде, кедергісіз өтті.

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясы арқылы 124,8 мың тонна көмір жеткізілді. Ал алдағы жылы беру маусымына жалпы 111 мың тонна, тұрғындарға 93 мың, әлеуметтік нысандарға 18 мың тонна көмір қажет.

Қазіргі уақытта елді мекендерді газландыру қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы 11 ауылдың тұрғындары табиғи газ тұтынуы бастаса, биыл тағы 10 ауылға көгілдір отын жеткізу жоспарланған.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясын және 277 гикалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы салынды. Жоба «Ақса энерджи» түрік компаниясының 215 млрд теңге инвестициясына жүзеге асты. Бүгінде орталықтың 176 мегаватт электр энергиясын өндіру қуаттылығы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қолдауымен қуаттылығы 1100 мегаватт бу-газ қондырғысы салынады. Жобаны Urbacon Concessions Investments WLL компаниясы мен «Самұрық-Қазына» қорының бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады. Қондырғыны 2029 жылы толық іске қосу жоспарланған.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен нашарлық профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі облыстық ведомстволық штаб отырысы өтті. Күн тәртібінде 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кенесінің отырысында есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейтуге қатысты нақты тапсырмалар берген болатын. Осы жұмыстарды үйлестіріп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында соңғы төрт жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 17,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, заманауи құралдар алынды. Өңірдің барлық ауданындағы полиция бөлімдерінде жедел басқару орталықтары ашылды.

Аймақ басшысы есірткіге қарсы кешенді іс-шараларды тиімді жүзеге асыруды тапсырды. – «Әлеуметтік желілердегі синтетикалық есірткі жарнамасын толық тоқтату үшін нақты бағыттарды анықтау, профилактика, жедел іздестіру, жасанды интеллекттің қолдану арқылы «Кибернадзор» жүйесінің тиімділігін арттыру керек. Есірткі алқаларын анықтауда жүйелі жұмыс жүргізіп, оларды жоюды ұйымдастырыңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Штаб отырысында білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдағанда азаматтардың нашарлық тәуекелдеріне бейімділігін анықтау үшін нақты ұсыныстар енгізу, әлеуметтік жағынан осал отбасынан шыққан оқушылардың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу міндеттелді.

Мәдениет, спорт және сауда нысандарындағы LED экрандарда нашарлықтың зияны, синтетикалық есірткінің қауіпі туралы жастарға, орта буынға арналған ескерту роликтерін тұрақты көрсету тапсырылды.

Отырыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов баяндама жасады.

“МАҚСАТ – ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, ЖҮЙЕНІ ТҮЗЕТУ”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін басшыларды жауапкершілікке тарту, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау бағытында атқарылған шаралар, мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ашықтықты қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

– «Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, әрбір деректі қосымша талдау керек.

Тәртіптік жауапкершілікті қараудың бірінші алгоритмін әзірлеп, мерзімнің сақталуын тұрақты бақылауға алыңыздар.

Біздің мақсатымыз – жазалау емес, жүйені түзету. Бірақ заң талаптарын елемей немесе тәуекелге көз жұму

деректері қайталанса, шешім де қатаң болады.

Аймағымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат нақты нәтижеге бағытталған жұмысқа айналуы тиіс. Аталған міндетті жүзеге асыруда әрқайсының жеке жауапкершілігіміз бар.

Бір ай мерзімі ішінде сатып алулардың басым бөлігі өтетін тәсілдерді талдап, орталықтандыруды кезең-кезеңімен ұлғайту жөнінде нақты ұсыныстар енгізіңіздер.

Барлық басқарма, қала, аудан әкімдері, мемлекеттік сатып алуды өткізгенде жеке жауапкершілікті күшейтіп, тәуекелді келісімшарттарға ішкі бақылауды қамтамасыз етіңіздер. Бұл жұмыс жүйелі жүргізілуі тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Комиссия отырысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов баяндама жасады.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНА САПАРАЛАТТЫ

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, өлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.



Ол алдымен Бесарық ауылындағы заманауи талаптарға сай салынған жаңа спорт кешенінде болды. Бұл кешенде ауыл тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына, бұқаралық спортты дамытуға және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасалған. Материалдық-техникалық базасы толық жабдықталған.

Келесі нысан – Нағи Илиясов ауылындағы дәрігерлік амбулатория. 2023 жылы пайдалануға берілген медициналық мекемеде тұрғындарға сапалы қызмет, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіліп, профилактикалық тексерулер және жоспарлы ем-шаралар жүргізіледі.

Ал аудандағы «Руханият орталығы» аға буын мен жастардың басын қосқан рухани-мәдени орынға айналған. Мұнда түрлі іс-шараларды өткізуге қолайлы орта қалыптасқан.

Кейінгі жылдары салынған тұрғын үйлердің жай-күйін де назардан тыс қалдырмаған облыс әкімінің бірінші орынбасары өлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын жақсарту, оларды тиімді пайдалану және халыққа қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

ТАЗА АЙМАҚҚА КЕЛЕТІН ТУРИСТ КӨП...

Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өңір әкімдерімен кеңес өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» бағдарламасының іске асырылуы, туристік дестинацияларды дамыту, мемлекеттік орман қорына 2 млрд. ағаш отырғызу, экомаркер құру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Президент бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражатынан бөлек демеушілер есебінен демалыс, ойын-спорт алаңдары жаңартылып, тұрғын үйлер мен өлеуметтік нысандар жөндеуден өтуде. Соңғы жылдары Қызылорда қаласындағы орталық алаң, мәдени-демалыс паркі мен Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылды.

Ауылдарды дамыту мақсатында «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіліп, үш жылда 2,064 млрд. теңгенің 67 техникасы табысталды. Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару бағытында «Жасыл даму» АҚ-ның қаржыландыруымен 98,7 млрд. теңгенің 9 жобасы жүзеге асырылуда.

Жаңақорған ауданында қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, жабдықтары жеткізілді. Сырдария ауданында облыстық бюджет есебінен 475 млн. теңгеге сұрыптау кешені бар қалдықтар полигоны салынып, пайдалануға берілді.

Аймаққа өткен жылы 212 278 турист келіп, көрсеткіш 25,4 пайызға өскен. Қызмет көрсету көлемі 3 млрд. 288 млн. теңгеге, яғни 42,8 пайызға артты. Тұрғындар мен туристерге қолайлы жағдай жасау үшін ауқымды жұмыс атқарылууда.

Қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен «Қорқыт ата өуе-жайында» туристерге арналған виртуалды карта әзірленіп, QR кодтар орнатылды. Экскурсияға келушілерге жаңадан салынған, тарихи мәліметтермен толықтырылған заманауи музей қызмет көрсетеді.

Өңірдегі демалыс парктері жаңартылып, туристерге қолайлы әрі қауіпсіз болуы үшін барлық жағдай жасалды. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында адам көп шоғырланатын орындарға 102 және SOS батырмаларының 15 құрылғысы орнатылды.

Туристік инфрақұрылымды дамыту аясында халықаралық деңгейдегі бесжұлдызды қонақүй, IBIS Qyzylorda және Papa қонақүйлері бой көтеріп, аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Т.НӘДІРБЕК:



Биылғы жылдың 1 сәуірінен бастап Қызылорда қаласында, Арал, Жаңақорған аударында 2 сәуірден бастап, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында, 5 сәуірден бастап Қазалы және Шиелі аудандарында жылу беру маусымы аяқталды.

ҮЗДІКСІЗ ЖЫЛУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

Жылу беру маусымында барлық әлеуметтік нысандар мен орталық жылуға қосылған көпқабатты тұрғын үйлер үздіксіз жылумен қамтамасыз етілді.

Облыс бойынша тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс жасады. Жылу сыртқы ауа температурасына сәйкес берілді.

Қазіргі таңда жылу желілері мен жылу энергия көздерінің қазандықтарына температуралық және гидравликалық сынақтар жүргізілуде.

Алдағы 2026-2027 жылғы жылу беру маусымын сенімді және тұрақты қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорынның негізгі және қосалқы қондырғыларын жөндеу кестесі әзірленді.

Қызылорда қаласында инвестиция есебінен «Акса Энерджи» түрік компаниясы арқылы 240 мегаватт электрэнергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын құрайтын жаңа жылу электр орталығы салынды.

Қазір жылу орталығы іске қосылып, 176 МВт электр энергиясын өндіру қуатын пайдалануға берді.

Сонымен қатар қуаттылығы 45 МВт құрайтын 4 су жылыту қазандығы қосылды.

Станцияны толығымен іске қосу жұмыстары алдағы мамыр айына жоспарлануда. Аталған жоба облысты толығымен электр энергиямен қамтамасыз етіп, аймағымызда өндірісті дамытуға үлкен серпін береді.

Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаменті басшысының міндетін атқарушы Т.ЕЛЕУБЕКҰЛЫ:

УАҚЫТЫЛЫ, САПАЛЫ ОРЫНДАЛДЫ



Ағымдағы күзгі-қысқы кезең тұрақты, штаттық режимде өтті. Тұтынушылар электр және жылу энергиясымен толық қамтамасыз етілген. Электр станциялары Жүйелік оператор бекіткен режимге сәйкес жұмыс жасауда.

Өткен жылы энергетикалық кәсіпорындардағы жөндеу науқаны белгіленген мерзімде және тиісті сапамен аяқталды.

* Электр станцияларындағы технологиялық бұзушылықтар 57%-ға, электр желілерінде 5,5%-ға төмендеді.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті тарапынан өкілдіктермен, «KEGOC», «Қазақстан темір жолы», «QazaqGaz» акционерлік қоғамдарымен, көмір өндіруші және энергетикалық кәсіпорындармен салалық селекторлық кеңестер өткізілуде.

«Қызылорда жылу электр орталығы» филиалының директоры Х.ИМАНҒАЛИЕВ:

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ТОЗУЫ ТӨМЕНДЕЙДІ

Қызылорда қаласы өкімінің 2025 жылғы 7 қазандағы №31 шешіміне сәйкес, 2025–2026 жылдарға арналған жылыту маусымы 2025 жылғы 8 қазаннан бастап ресми түрде басталды.

Жылу беру маусымында Қызылорда қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның жылу көздерінің негізгі қондырғылары және де қаланың мөлтек аудандарында орналасқан 20 автономды блок-модульдік қазандықтың 18-і штаттық режимде тұрақты жұмыстарын атқарды. Жылу беру температуралық режимі бекітілген температуралық кестеге толық сәйкес сақталды.

Қызылорда қаласы өкімінің 2026 жылғы 31 наурыздағы №13-ш шешіміне сәйкес, 2025–2026 жылдардағы жылу беру маусымы 2025 жылдың 1 сәуірінде аяқталып, енді қаланың жылу жүйелеріне жоғарғы қысымды сынақтар өткізіледі.

«Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның 2026–2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары толық көлемде жоспарланып, белгіленген тәртіппен бекітілді.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 204 шақырым жылу желілері бар: - магистралдық жылу құбырлары 36 км; - кварталаралық жылу құбырлары 168 км;

Қазіргі таңда, жылу жүйелерінің тозу көрсеткіші 40%, нормативтік жылу ысыраптар 13,1%-ды құрайды.

Қызылорда қаласының жылу желілерінің тозу деңгейін төмендету және жүйенің сенімді ері тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорынның өз қаражаты есебінен диаметрі 57–325 мм аралығындағы кварталшілік жылу желілерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Сонымен қатар жоспар бойынша облыстық бюджет есебінен Қызылорда қаласы Марал ишан көшесі бойында орналасқан ұзындығы 0,120 км, диаметрі 1020 мм болатын жер үсті жылу желісін диаметрі 1220 мм жер асты жылу желісіне ауыстыру жұмыстары жүзеге асырылатын болады.

Бұдан бөлек жоспар бойынша республикалық бюджет Қаржаубаев көшесінде орналасқан №3 айдау сорғы станциясын қайта жаңғырту жұмыстары іске асырылатын болады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру нәтижесінде Қызылорда қаласының жылу желілерінің тозу деңгейі 40,0 пайыздан 39,7 пайызға дейін төмендейді деп күтілуде.

Мемлекет басшысы тарапынан Қызылорда қаласы тұрғындарын ыстық су жүйесімен қамтамасыз ету тапсырылған болатын. Осы тапсырма аясында Қызылорда қаласындағы



859 көпқабатты тұрғын үйдің 644-інің ыстық су жүйесіне қосылуға мүмкіндігі бар. Оның ішінде 423 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленіп 2 кезеңмен құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, 1 кезең – 186 үй (2024ж.), 2 кезең – 61 үй, резервтік қоры есебінен қаржы бөлініп, Акмешіт, Мерей м/а тұрғын үйлерге құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда 176 үйге ыстық су жүргізу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде 158 көпқабатты тұрғын үй ыстық су пайдалануда. Ыстық су тарифі бойынша жеке есептеу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер үшін – 1 гкал ҚҚС-сыз – 654,68 теңгет ҚҚС-сыз; - жеке есептеу аспаптары бар тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау үшін 1 текше метрге 235,28 ҚҚС-сыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына және 113-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 8 сәуірдегі №73/129 қаулысымен өкілеттік мерзімі аяқталған Қызылорда аудандық округі өкімі сайлау 2026 жылдың 17 мамырына тағайындалды.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 8 сәуірдегі №73/129 қаулысымен бекітілген Қызылорда аудандық округі өкімінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес ауыл өкіміне кандидаттарды ұсыну 2026 жылдың 9 сәуірінде басталады және 2026 жылдың 21 сәуірінде сағат 18-00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін 2026 жылдың 9 сәуірінде басталады және 2026 жылдың 26 сәуірінде сағат 18-00-де аяқталады.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының құрамы:

Төраға - Баймурзаев Галым Конакбаевич
Төраға орынбасары - Муханова Алия Муханбеткалиевна
Хатшы - Насибеков Кенес Эрдибекович.

Комиссия мүшелері: Куракбаева Кенжегүл Куракбаевна, Ақишев Карлығаш Дауылбаевна, Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы, Жорабек Медет Ерданаұлы.

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, «Сол жағалау» ықшам ауданы, F.Мұхамеджанов 5А.
Телефон: 8(7242) 40-03-08
Эл пошта: tic_kzl@saylau.kz
Қалалық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00

№233 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Төраға - Байжанов Жасулан Махмұтович
Төраға орынбасары - Иманов Ақылбек Қазыбайұлы
Хатшы - Сыздықова Гулмира Ермаганбетовна.

Комиссия мүшелері: Анапияев Асхат Алиевич, Қыдырәлиева Гүлсінай Жеңісбекқызы, Жусупбекова Гульшат Сағатовна, Аширбеков Мадияр Алтайбекович.

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№39 «Қызылорда» орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда аудандық округі, Қараөзек ауылы, Е. Дәуітбаев көшесі, № 2.

Телефон: 8(7242) 21-73-70

№239 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Төраға - Мустафаев Бекжан Біртайұлы
Төраға орынбасары - Досанов Курмангазы Абдылдақырович
Хатшы - Қасан Руслан Мәлікұлы.
Комиссия мүшелері: Аманжолова Лаззат Смагуловна, Жүсіпбек Ақмарал Әділбекқызы.

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№128 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда аудандық округі, Қараөзек стансасы, Қараөзек бекеті -1 көшесі, ғимарат № 3.

Телефон: 8(7242) 31-04-23

№240 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы:

Төраға – Утелова Жазира Кожяхатовна
Төраға орынбасары - Аханова Сағынш Серикболовна
Хатшы - Орынбаева Куанышкул Жалғасбековна.

Комиссия мүшелері: Кіребаева Майра Шәріпқызы, Макенова Үлбазар Сүнаковна.

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№175 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда аудандық округі, Айнакөл ауылы, Айнакөл-1 көшесі, № 13.

Телефон: 8(7242) 31-05-75

Учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс уақыты: 2026 жылғы 26 сәуірден бастап сағат 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

ОҚУШЫЛАР АЛТЫНСАРИНДІ ОҚЫДЫ

Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің қолдауымен қалалық орталықтан дырылған кітапханалар жүйесі «Халықаралық балалар кітабы» күні және қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай «Ертегімен есейем» жобасы аясында оқушылар арасында «Білімнің жаққан шырағын» атты қалалық көркемөз және сахналық қойылым байқау ұйымдастырды.



Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қайруллаев Айдын Бөкенбайұлы сайысты ашып берді.

Бұл байқауға қала аумағынан 5 мектептің 5-ші сынып оқушылары қатысып, бақ сынады. Екі кезеңнен тұрған байқауға оқушылар сақадай сай, жоғары дайындықпен келген. Олар «Гибраттың әңгімелері» атты I кезең бойынша Ы.Алтынсариннің әңгімелерінен сахналық көрініс көрсетті. II-кезеңде Ы.Алтынсариннің жырларын жатқа мәнереппен оқыды.

Сайысқа «Қоғам ТВ» телеарнасының шеф редакторы Құлтанова Баян Рахатқызы, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың әдіскері Жубаниязова Венера Аймырзаққызы, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МККК-ның көркемдік жетекшісі Ұлықбек Бекұзақұлы төрелік етіп, шын жүріктерді анықтады. Байқау барысында әділ-қазылар оқушылардың мәнереппен оқуына, сөйлеу мәнеріне, актерлік шеберлігіне, таңдап алынған шығарманың мазмұнына ерекше мән берді.

Екі кезеңнің нәтижесі бойынша бас жүлдені Нағи Илиясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының оқушылары жеңіп алды. Ал, I дәрежелі дипломды Серәлі Лапин атындағы №261 орта мектебі, II дәрежелі дипломы Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей иеленді. III дәрежелі диплом Байзақ Еркембаев атындағы №271 орта мектебі мен Байзақ Момынбаев атындағы №278 ІТ мектебіне табысталды.

Сонымен қатар «Көрермен кезайымы» номинациясымен Ерболат Жанайым, «Жас талант» номинациясымен Құрманғазы Балнұр, «Ең белсенді қатысушы» номинациясымен Іскендір Мағжан марапатталды. Ұйымдастырушылардың еңбегі айқын көрініп, шара мазмұны балалардың бас ерекшелігіне сай, тартымды ері тәрбиелік мәнге толы болды. Осындай игі бастамалар өскелең ұрпақты кітап оқуға баулуға маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Жалпы, іс-шара өте сәтті өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қызылорда облысы полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Е.ЖАУКЕЕВ:

АЛАҢДАТАТЫНЫ – ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАР

Облыс көлемінде кәмелет жасқа толмағандармен және оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ оқу жылының 3-ші тоқсанындағы демалыс уақытында жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылдың 26-28 наурыз күндері облыс көлемінде «Демалыс» желдік профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараны өткізу кезеңінде кәмелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстардың орын алуына жол берілген жоқ.

Іс-шараның 3 күнінде жасөспірімдерге қатысты барлығы 300-ге жуық (298) әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, тиісті хаттамалар рәсімделді. Таратып айтар болсақ, Қызылорда қаласында 120, Аралда 25, Қазалыда 29, Қармақшыда 11, Жалағашта 15, Сырдарияда 30, Шиеліде 26, Жаңақорғанда 37, Байқоңырда 5 тәртіпсіздік орын алды. Оның ішінде ең өзектілеріне тоқталсақ балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін 22 ата-анаға қатысты әкімшілік шаралар қолданылды.

Сонымен бірге кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 8 кәсіптік нысан иелеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 132 бабымен әкімшілік хаттама рәсімделді.

Қоғамдық орындарда ластағаны үшін 2 кәмелетке толмағанның заңды өкілдеріне қатысты кодекстің 434-2 бабымен шара көрілді.

Сонымен қатар сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін кәмелетке

толмағандар түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болған және сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүрген 260 жасөспірімнің Қызылордада 102, Аралда 21, Қазалыда 25, Қармақшыда 9, Жалағашта 15, Сырдарияда 26, Шиеліде 23, Жаңақорғанда 34, Байқоңырда 5 ата-аналарына кодекстің 442-бабымен әкімшілік шаралар қолданылды.

Сонымен бірге кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және бағып-қуту жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін 13 ата-ана Қызылордада 8, Аралда 2, Қазалыда 1, Сырдарияда 1, Байқоңырда 1 полицияның профилактикалық есебіне алынды.

Қазіргі таңда бізді алаңдатып отырған мәселелердің бірі- жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстар. Яғни, жасөспірімдерден біреулердің ұялы телефонын алдап алуы, олардың жол-көлік оқиғасынан зардап шегуі, басқа да құқық бұзушылықтардың құрбан болуы оларға қарсы жасалған қылмыстардың санын арттырады.

Сондықтан әрбір ата-ана өзінің баласының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей өзі жауапты екендігін көпшіліктің назарларына сала отырып, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық сақтық шараларын қабылдап, бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарау қажет екенін ескертеміз.

ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ ӨЗ ӨМІРІМ..

Бүгінгі күні Сыр аның төл перзенті ретінде өз өміріме өзім қысқаша шолу жасап, өзгелерге өзім баяндағым келіп отыр. Себебі, өмірім өзгелерден гөрі өзіме анық. Бұдан 80 жыл бұрын қасиетті жер аның киелі орындарының бірі де, бірегейі сұлу Сырдың бойындағы Ақшатау көлдер жүйесінің «Жалаңаш» көлінің жағасындағы «Қуғора» елді мекенінде өлім тайпасының жайайым руының Асан тармағынан әкем Әбіш Жұмағұлұлы мен Сыр бойында керейтқожа атанып кеткен жеті өлікке жан берген Мүрсәлілі бабамыздың тікелей ұрпағынан Жолдыбайқызы Мақбал есімді анамыздың отбасы одағының төртінші баласы болып бұл дүниенің есігін аштым. Көзімді ашқаннан бастап өз ата-анамның отбасынан, қоршаған табиғат аясының барлық жақсылық көріністерінен, ата-бабаларымыздың өсиетті сөздерінен тағлым алып, олардың кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегелі істерінен тәлім-тәрбие алған қарапайым қазақтың перзентімін деп есептеймін. Сырдарияның төменгі сағасындағы тарихта «Райым» бекінісі атанған Арал ауданындағы алғашқы мектеп табалдырығын өзімнен төрт жас үлкен Амангелді ағаммен бірге алты жасымда бір класқа барып, жеті жылдық мектепті ойдағыдай аяқтап, бүгіндері көк теңіздің көз жасындай болып сусырап жатқан Қамбаш көлінің жағасындағы Қамыстыбас темір жол бекетіндегі № 21 орта мектепті 16 жасымда аяқтадым.

Мен үшін бұл өңірдің әрбір шақырым жері таныс, әрі ыстық; жаяу жүріп мал қарадым, тезек теріп, от жақтым; масақ теріп, қауын тасыдым; көл жағалауынан пішен орып, мұз үстінен қамыс ордым, дауылды күні ау салып, балық аулады, мұз ойып, шыжым тарттым; Не керек балалық шақтың қызығы мен қуанышын өзімнен қатар құрбыларыммен бірдей бөлістім; Жетіспегендеріне неге болмайды деп, ата – аналарымызға ауыртпалық жасағанымыз жоқ. Жетпегенім, тәуірін ешкім де бөліп берген жоқ. Әркімнің пешенесіне жазылған, өз несібісіне болады деп ойлаймын. Мектеп қабырғасында шәкірт алдынан мұғалім шығанда тоқтап тұрып, оған ізеттілік көрсету, содан кейін барып жүру тәртібі, сондай-ақ мектептен сырт жерде ұстазбен кездескенде бас киімімізді алып, инабаттылық көрсетудің өзі біздің ұлттық биязы мінезімізді бейнелегендей еді.

Сонымен Қамбашта оқыған кезімдегі бақылаудың мықтылығы соншалықты жатқан жерімдегі Ақтамақ әкем, мектепте өзімнің сүйікті мұғаліміме айналған, сынып жетекшісі Үргенішбай ағай, ауылдан аттан түспей құнара менің есебімді сурап отыратын коммунист әкем Әбіш болды. Бұның бәрі өзіме – өзім күнделікті есеп беруді қалыптастыруға, тәртіпсіздік атауыдан тартынуға, үлкеннің ақылын алып, кішіге қамқорлық жасауға, мектеп қабырғасында алып жатқан білімнің негізін шынайы толық меңгеруге, жағымпаздықтан аулақ болуға, сыйластықты жағымпаздықтан ажыратуға, жалған сөйлеп оңай бедел жинаудан бойынды аулақ ұстауға, яғни, жақсы мен жаманның шекарасын айқындауға негіз болған шынайы жан-жақты тәрбиенің жемісі дер едім. Сол кездің өзінде байқайтынбыз, қыздар мен ұлдардың табиғи жаратылысы, ойлау қабілеті, жаңаны қабылдау деңгейі, өмірден алып жатқан тағлымы, не керек бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сенімі, арман ой-тілегі бәрі бір жерге тоғысып жататын-ды.

Арман асудың келесі тармағы мамандық таңдау кезеңіне ұласты. Қарапайым балықшы ауылының қаласына мамандық таңдау да қиыншылық бола қойған жоқ. Өзімнің бала кезден арманым мұғалім болу, онда да математик болу еді. 1962 жылы 16 жасымда Қызылорда мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетінің математика бөлімінің студенті атандым. Барлық уақытта шәкіртақы алып, соңғы курста жоғарғы шәкіртақы алу дәрежесіне жеттім. 1966 жылы жоғары аталған институтты ойдағыдай аяқтап, сол жылғы институт бітіруші түлектері арасында алғашқы бітіруші түлек болдым. Облыстық білім басқармасының басшысы Уәли Төрәлиев ағамның бұйрығына сәйкес Арал ауданы білім бөлімінің қарамағына жіберілдім. Арал қаласындағы №86 сегіз жылдық мектепке физика және математика пәнінен мұғалім болып орналасып, екі айдан кейін өзімнің азаматтық борышымыз орындауға кетес армиясының қатарында қызмет атқаруға тура келді. Он бір ай Өзбекстан мен Түркіменстан республикасында орналасқан әскери әуе истребительдер полкында қызмет жасап, радиомеханиктік мамандықты да меңгеріп елге оралдым. 1967 – 1969 жылдары Арал қаласындағы №13 Т.Г.Шевченко атындағы орта

мектепте, сондай – ақ № 21 Қамбаш орта мектебінде математика, физика және астрономия пәндерінен сабақ беруге бұйрық алып, өзімнің сүйікті мамандығыма қайта оралдым.

Мектептердегі күнделікті жұмысқа бейімделгенім соншалық, ертелі-кеш оқушылардың білім деңгейін қадағалаймын. Ондағы мақсатым қандай пәндерге икемі бар, алғырлығы қандай, болашағынан үміт етуге болады ма деген мәселелердің басын қосып, факультативтік сабақ ұйымдастыру. Мектеп бағдарламасынан тыс «Математика в школе» методикалық журналынан қиын да, әрі қызықты есептерді шығаруға баулу. Бұл журналда олимпиадалық мектептердің таңдаулы есептері берілетін-ді, әрі шығару жолдарының методикасы да көрсетілетін-ді. Бізге Киев қаласындағы математикалық мектептің «Кушнир» атты мұғалімінің практикалық сабақтары мен есептері

комсомол комитетінің бірінші хатшысы Абылай Хангерейұлы Айдосовтың қарапайымдылығы, асқан зерек, тілге бай, екі ортада еркін сөйлейтін, басқан қадамына азаматтықпен есеп беріп, әрбір комсомол қызметкерінің ерекшелігіне назар аударып, қамқорлық жасаудан шаршамайтын кадр деп есептедім.

Жалпы комсомолда қызмет жасау, өмірлік тәжірибе жинау мектебі болғаны анық.

Сонымен комсомолдың бастамашылығымен жахаевшылар қозғалысы кеңінен өріс алды, оларға Ыбырай Жахаевтың еңбек аттестатын тапсыру үрдіске айналды. №1 Еңбек аттестаты менің қолыммен жазылып Жаңақорған ауданының XXIII партия съезі кеңшарының күршішілі Арапхан Әбиевке табысталды, қазір ол аттестат облыстық мұражайдың алтын қорында сақтаулы. Сондай-ақ шиелілік Жадыра Таспамбетованың даңқты

біздер үшін өлшеусіз тәжірибе жинақтау кезеңіне айналды. Бұл кезең облыс жастарының идеология хатшысы Ж.Бәкіровтың тікелей басшылығымен жүргізілді. Осылай думанды да, қызығы мол уақыт ешкімнің еркіне көнбей, қоғамның дамуын да тежей алмай, санқилы сапырылсақ, саяси көзге көрін-бейтін әрекеттер аясында өз дегенін жасап жатқан кез. 1973 жылдың желтоқсан айының басында болған Шиелі аудандық комсомол конференциясында мені сол кездегі ауданда қалыптасқан жағдайға байланысты Шиелі аудандық комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады.

Сонымен Шиелі еліне келіп, үлкен жауапкершілікті мойныма алып, жұмысы неден бастау керектігін әзірге ой толғауына қалдырып, демалыс күні болса да қызмет орнына бардым. Бірінші көргенім, есікке ілінген телеграмма. Аралдан

жердің жағдайын толық ескере отырып, олардың әлеуметтік жағдайына аса мән беріп, қалың көпшіліктің мұқ-таждарын орындауға қолда бар мүмкіншілік жасау, асыра сілтеуге жол бермеу, білік жасауға ұмтылмай, сол билікті көпшіліктің өз аузынан айттыру арқылы, орындаушылық жұмыста да жауапкершілікті олармен бірге бөлісу қажеттілігі. Мұны үнемі атам да, әкем де айтып жатыр. “Әркімнің туған жері ыстық, оған ешкімнің қиянат жасауға мүмкіндік бермейтіні де шындық. Айналайын балам, шындығы сол, сен енді халықтың көз алдындасың, ешкімді де алдай алмайсың, сенің жасырын іс-әрекетің де жұрттың арасында өсек әзірге дейміз-ау, сондай жолдармен тарай береді. Одан әрдайым өзіңнің бойыңды аулақ ұстауға тырыс. Бұл саған ешкіммен араласпа деген сөз емес. Қайта елдің тыныс-тіршілігін білуге деген әрдайым бойыңда талпыныс болсын” деп... олар айтып жатыр...

Бұл кезең менің шын мәнінде өскен, жан-жақты азамат болып қалыптасқан кезім болды. Жақсы мен жаманды ажырата білетін, үлкен саяси ортаны ойындарын бір адамдай бағдарлап білетін дәрежеге жеткенімді өзім емес, өзгелер де мойындаған кез еді. Комсомолдың аудандық, облыстық, Қазақстан комсомолының, БЛКЖО ОК Құрмет Грамоталарымен бірнеше рет марапатталдым, сондай-ақ, БЛКЖО-ның «За активную работу в комсомоле» белгісімен екі дүркін марапатталуым көп нәрсені аңғарта берсе керек. Бір сөзбен айтқанда өзімді комсомолға қарыздармын деп есептеймін. Бұны былай түсінгенімді дұрыс секілді: өмір бойы өзімнен кейінгі ұрпаққа дұрыс тәрбие беруге, өнеге қалдыруға, өшпес із тастауға міндетті екендігімді азаматтық арымның алдында мойындауым еді.

Комсомол менің өмірімде азамат болып қалыптасуыма, елді танып, білуіме, тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешудегі тұлғалық мәселелерді анықтауға, халқымыздың өткені мен болашағын бағдарлап білуге, мемлекеттімізді нығайтудың негізін айқындауға, тұрақты өмірлік саяси көзқарасымды қалыптастыруға, біз өмір сүрген қоғамның қай формациясы болмасын тек адамға (оның ұлтына, нәсіліне, жынысына, жасына қарамай) қызмет жасау үлгісін зерделей білуге, оны өмірге енгізуге, ұлттық намысымызды оятуға негіз қалаған барышыма кең ауқымды өмір мектебі болды. Комсомол менің өмірімдегі шынайы шындықтың шынар басында тұрған ұғым-үлгісі болып мәңгілікке қалды.

1975 жылдың 16-шы қарашасында ауыртқомның аппаратында жаңа қызмет орынтағына отырдым.

Ал, партия қызметінің аппаратында қызмет жасау мәртебелі міндет екенін жақсы түсінемін. Бірде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы О.Баймбетовке келіп өз ұшынысымды айттым. Ыбырай Жахаевты осыншалық даңқа бөлеген Қызылту ұжымшарының, қазіргі Ыбырай түбегі деген жерді ешкім де білмейді. Сол жер Ыбекең екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған киелі орын. Неге сол жерге ескерткіш орнатпасақ деп ұсыныс айттым. Дәл осы ойымды құптағаны соншалық, мен саған айтайын, бір кездері Сұлтан Шаханұлы Аманов та айтқан, демек, ойға алған екенсің, бастаған істі аяғына дейін жеткіз деп мақұлдады. Макемін қолдан сызып, ПМК-31 мекемесінің бастаушы партия ұйымының хатшысы Мадияр Өсұлтанов ағам келіп, ойымды жеткізіп, ол өзі бас болып, материалдарын тауып, дәнекерлеушілермен қоса іске кірісіп те кеттік. Ұжымшар төрағасы Қ.Оспановқа келіп, ойымды баяндадым. Қойшыбай Оразмбетов өкемізді қасымызға алып, «Ыбырай түбегіндегі» дүние-жүзілік рекорд жасаған жердің жубасын тауып, сол қара жерге ескерткіш орнату қамына кірісіп кеттім. Комсомолдағы кураторлық жұмысымды пайдаланып, обком комсомолының енді ғана болған бірінші хатшысы Оңалбек Сәпиевке шығып, жақында біздің ауданда өткізуге жоспарланып жатқан жас күршіштердің облыстық слетіне қатысушыларға тосынсыз ретінде осы ескерткішті ашсақ дегенім сол, ол да өзі бас болып мрамордан сөздерін ойып жаздыратынын, өзі жеткізіп беретінін айтты. Барлық іс онынан туып, қара жерге ескерткіш орнату идеясы осылай туған еді, әрі жүзеге асырылған – ды. Кейін бұл ескерткіш егіс алқабындағы үлкен жолдың бойына шығарылып, еңсесін биіктеткені белгілі. Бұл арада айтайын дегенім, кейін осы ескерткішке «иелер» табылып, тіптен белгілі жазушы Оразбек Сәрсенбаев өзінің шығармаларының бір тарауына «Ескерткіш» деп атау беріп, творчество қызметкеріне тән қиялмен басқаша баяндап жіберген.

Сайлаубай ӨБІШЕВ

(Жалғасы бар)

“ЕЛ АЗАМАТТАРЫН АРДАҚТАУДЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫРДЫҚ”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еңбек ардагерлері Сайлаубай Өбішевті 80, Салхадин Мырзабековті 70 жас мерейтойымен құттықтап, адал еңбекті бағалаудың маңызын атап өтті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын.

Сыр өңірінде адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтауды дәстүрге айналдырдық.

Бүгінгі ресми жиынымыз өнегелі істердің ұйытқысы болған, жұртшылыққа етене таныс Өбішев Сайлаубай Өбішұлы ағамыздың 80 жасқа, Мырзабеков Салхадин Мырзабекұлы ағамыздың 70 жасқа толған мерейтойына арналады. Сіздердің жылдар бойы туған өлкенің игілігі жолында атқарған еңбектеріңіз, адал қызметтеріңіз шынайы құрметке лайық.

Сыр жұртшылығы аймақтың дамуына зор үлес қосқан Өздеріңіздей жерлестерімен мақтанады. Тілеулес, акадал ниетті азаматтардың атынан бүгінгі мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!», – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Жиында облыс әкімі мерейтой иелеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Ел ағалары Дайрабай Ысқаков, Бекмырза Еламанов, Биғали Қаюпов сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

Сайлаубай Өбішұлы еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, кейін комсомол органдарында, Шиелі ауданында басшылық қызметтер атқарған. Әр жылдары колхоз төрағасы, кеңшар директоры, аудандық бөлім басшысы және «Білім жабық» мекемесінің директоры қызметтерінде болған.

Қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, партия құрылымдарында 20 жылға жуық қызмет етті, 8 шақырылым бойы аудандық кеңес депутаты болып сайланды.

ұнайтын-ды. Байқап отырған боларсыздар, өзімнің таңдаған мамандығымнан басқа да қоғамық ұйымдардың жұмысына белсене араласу бір сәтте де толастаған жоқ. Институт қабырғасындағы комсомол ұйымының жұмысына белсене араласу, армия қатарында жүрген кездегі рота комсомол комитетінің хатшысы болу, мектеп комсомол ұйымының хатшысы ретіндегі белсенді қызмет аудандық комсомол комитетінің мүшесі болып сайлануыма көп әсер етті. Сонымен, не керек 1969 жылы Арал ауданында саяси мектептің алғашқы баспалдағына қадам жасауыма тура келді. Алғашында Арал аудандық балық шаруашылығы өндірісінің аудандық комитетінің құқындағы комсомол комитетінің хатшысы, әрі Арал аудандық комсомол комитетінің штаттан тыс хатшысы болып қызмет атқардым.

Жастармен жұмыс істеудің қызу кезеңі енді басталғандай болды. Аудан өміріндегі біздің оң тәжірибелеріміз облыс көлеміне таратыла бастады. Осы уақыттарда облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысының ұсынысына сәйкес облыстық комсомол комитетінің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушілігіне ұсынылдым.

Жаңа таныстық, жұмыс істеудің жаңаша тәсілі. Аудандық ұйымдардағы жігіттермен тіл табысып жұмыс істеу, өзің де, өзеге де талап қоюың керек. Бастауыш ұйымдарымен арақатынасың қандай тұрғыда болу керек. Насихат жұмысының шеңбері, кімдермен бірге қоян-қолтық жұмыс істеуіміз керек, мәдени-көпшілік жұмыстардың кәсіподақ мәдениеті басқармасымен бірлескен қандай үлгісі бар, комсомолдағы саяси оқу жүйесінің сапасы мен насихатшылардың білім деңгейі, лекторлардың жұмыс тәсілі, лекциялық насихаттың, оның лекторының шеберлік жайы, әсіресе творчество жастарымен жұмыс жүргізудің формалары, «Ленин жолы» газетіндегі «Сыр түлегі» бетімен, «Путь Ленина» - дағы «Собеседник» жастар жетекшілерімен байланыс тікелей болмаса да жанамалап, белсенділік танытып, іскерлік көрсету тікелей біздің бөлімге қатысты еді. Бұл істе басты дирижеріміз бар. Ол – сол кездердегі облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Жәлел Бәкірұлы еді.


Сол кездердегі облыстық

жылдарының жылнамасы басталды, сырдариялық Рабиға Іздіқұлованың, жалағаштық Гүлсара Қуандықованың еңбек табыстары бүкіл қалың елге таратылды, сырдариялық Аманкелді Ахметов пен қармақшылық Әділбек Қайроллаевтың ерен еңбектері, қазалылық теміржол машинисі Қосыбай Топлаевтың Ғани Мұратбаев атындағы комсомол жастар бригадасы мен Арал балықшы комсомол жастарының Тәжібіке Сұңқашева, Балқия Искакова мен Шарипа Жұбаниязова, Орысбековалардың толағай табыстары бүкіл Сыр бойы жастарына үлгі өнеге ретінде ұсынылды. Творчество жастарымен жұмыс жүйелі жүргізіле бастады. Сыр бойынан Иранбек Оразбаев Тбилиси қаласында өткен бүкілодақтық ақын-жазушылардың бас қосуына қатысты, «Біз таланттыларды іздейміз» атты облыстық байқаудың үздіктері анықталды. Бексұлтан Байкенов пен Мадина Ералыевалардың таланттарының ашылуына үлкен негіз қаланды, сөйтіп «Ақбаның» ортақ орындаушыларының ізбасарлары көбейді, облыстың жас композиторларының үздік шығармаларына конкурс ұйымдастырылды, клуб жүйесі қызметкерлерімен бірлескен облыстық кеңес өткізіліп, мәдени шаралардың өткізілу деңгейі артты, облыстық ырғақты биден конкурс өткізіліп, Шымкент қаласынан арнайы ырғақты би топтары шақырылды. Комсомолдардың саяси оқу жүйелерінде БЛКЖО Орталық Комитеті тарапынан ынталандыру шаралары ұйымдастырылып, біздің облыста тұңғыш рет ең озат комсомол оқу жүйесіндегі насихатшыларына берілетін, үстел үстінде қойылатын медаль Жалағаш ауданы Калинин атындағы кеңшардың партия комитетінің хатшысы Төлеген Сулеев пен Сырдария ауданының Жамбыл атындағы кеңшардың насихатшысы мектеп мұғалімі Қасымхан Демжановқа берілді. Облыстық комсомол комитетінің шақыруымен Алматы қыздар педагогикалық институтының Марат Балтабаев басқарған «Айгүл» ансамблі бірнеше рет келіп, Пенза облысының политехникалық институтының «Темп» жастар ансамблі Қызылорда сол жағалау бүкілодақтық өкілді құрылыс объектілерінде мәдени-көпшілік жұмыстарын жүргізіп,

келіпті, онда «Сіздің Шиелі аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары болып сайлануыңызбен, бүкіл аудан жастарының, конференция делегаттарының атынан құттықтаймыз, жастарға коммунистік тәрбие беруде табыстарға жетуіңізге тілектеспіз.»- деп Маханбетәлі Ізмаханов қол қойған жылы ләбізді, шынайы достыққа толы, адал көңілдегі жастардың алғашқы үміт тапсырмасын алғандай болдым. Шын мәнінде бұл сәт туған жер топырағының соншалықты ыстық екенін қандай жағдайда болса да адамгершілік қолдауды барлық уақытта өз перзенттеріне ұсынуды ата-баба салты есебінде қабылдап келгенім, үлкен саяси өмір жолына сәттілік тілегенім деп оң аяғыммен киелі орынның табалдырығын аттап, ішке ендім. Осы оқиғадан бір ай кейін өткізілген аудандық партия конференциясында жаңадан сайланған бюро мүшесінің құрамында кешегі комсомол, енді үлкен саяси қызметтің бел ортасынан орын алып, бюро мүшесі болып сайландым. Ойлануға да, ойлауға да болатын үлкен оқиға, жауапкершілік аясы кеңейді. Балалықты ойша сезіне қоймаған азаматқа бұл үлкен сенім, асқан жауапкершілікті міндеттеді. Міндеттеп қана қойған жоқ, кешегі күні ғана елге қадам басқан азаматқа, елдің тағдырын шешудің үлкен міндетін жүктеді. Бойынды тіктеп, әрбір басқан қадамыңды, сөйлеген сөзіңді, керек десеңіз көзқарасың мен күлген күлкіңе дейін, сәлемдесіп, қажет деп тапсаң, қабақ түйгеніңе дейін есепке алатын, қалың жұртшылықтың таразысына түскеніңді байқағандайсың.

Сол кездегі шын мәніндегі, менің түсінігімдегі талабы да, халықтың тілегі де осылай болды- ау деп ойлаймын. Шиелі өңірінде жиырма жыл қызмет істеген кезімде осы қағиданы үнемі басшылыққа алдым деп сеніммен айта аламын. Комсомолдағы қызметімен кейін аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің хатшысы, Ленин атындағы ұжымшардың төрағасы болып атқарған қызметтерде де мына қағиданы әрдайым есте ұстадым: Кіммен кездесем де, сырлассам да айтатындары: елмен бірге болу, үлкендердің ақылын алу, саяси басшылықтың шешіміне сай жергілікті

Кітапхана



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Сұйытылған газ бағасының күрт қымбаттауына байланысты Үстірттегі Жаңаөзен тұрғындарының наразы болып жатқандары Ақордаға 1 қаңтар күні кешке жетті. Мұнайшы қала жұртшылығы өздерінің келіспеушіліктерін сол бойда бейнеүндеуге жазып жіберіпті. Мұның соңы ертеңіне таң азаннан бейбіт шеруге ұласып кетті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бас көтеруді қатты алаң көңілмен қарсы алды. Сондықтан оған қатысушыларға бірден-ақ «қаржылық ниетке құрылған қастандық жасаушылар» деген баға берді. Ол осы арқылы ереуілшілерді әлдекімдер айдап салып отыр деген ойға қазық байлағанын білдіріпті.

Басы бейбіт жиын түрінде басталған бұл қарсылық қозғалысы тым көпке ұзатпай елдің көптеген өзге өңірлерін құлаштай қамтыды. Дәл мұндай ауқымдағы айбынды аласапыран республикада бұрын-соңды орын алып көрген жоқ еді. Ол 20 ірі қала мен 16 елді мекенді тез арада ең жайлады. Ал мұның артында биліктің жоғары эшелонын бақылауға алуды көздейтін күрес тұрғаны алғашқы сәттен ешбір күмән тудырмады. Себебі, тәпсілген текетірес дүмпуінің қауға тиген өрттей болып, республика аумағына түгел дерліктеп соншалықты жылдам жетіп, оның жалғасы кіріспесіз бірден саяси мәселелерге қарай ойыса бастауы осындай тұжырымға жетелейді. Бірқатар сарапшылар сол бойда бұдан режим ішіндегі билікке таластың нышандары байқалатынын ашып айтты. Осы тұста тұрмыстық түйткілдерден туындаған наразылықтың өзі екінші қатарға ығыстырылып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілігі мен Нұрсұлтан Назарбаевтың шынайы жақтастары арасындағы тартыс тұрпаты алға шықты.

Біз сөз басында бірден басын ашып айтып қояйық: Қаңтар күндерінде мемлекетіміздің іргесі құлап, қабырғасының қирал қалмауына ұшан-теңіз тер төккен, толағай күш сіңірген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев болды. Бұл - ешқандай талқылауға жатпайтын, күмән келтіруге көнбейтін аксиома. Тек оның табандылығы мен төзімділігінің, қайсарлығы мен қажырлылығының арқасында ғана соған дейін елдің тағдырын көрінгеннің қолына ұстатып кете салған күштік құрылымдарды қайта ұжастырып алып, мемлекетті күйреуден аман сақтап қалды. Осы күндері Қасым-Жомарт Тоқаев, біздің пайымымызша, өзінің де кім екенін көрсететін, мемлекетті жайлап бара жатқан берекесіздікті кілт тыюға жол ашып беретін екі нәрсе істеді. Бұлардың біріншісі - ешкіммен ақылдаспай, Конституциядағы талаптарды да жинап тастап, өз пәрменімен Қауіпсіздік кеңесін Нұрсұлтан Назарбаевтан бір-ақ мәуритте алып қойғаны болса, екіншісі - бұл күнде зор беделге ие болып отырған, негізінен, бар жұмысын бұрынғы президенттің нұсқауымен істеп келе жатқан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Кәрім Мәсімовті әуелі қызметінен босатып, ертеңіне «мемлекетке оспасыздық жасады» деген күдік бойынша қамауға алдырғаны еді. Егер бұл екеуін жасамағанында оның мына бұлағай бұлғақты бұғаттай алуы да, елді мемлекеттік төңкеріске жеткізбей сақтап қалуы да, тіпті өзінің қарақан басын тығырықтан аман алып шығуы да екіталай болатын. Бұлардың қатарына үшінші шұғыл шешім ретінде Үкіметті отставкаға жіберуін де қосуға болар еді, бірақ барынан жобы белгісіз онсыз да әлсіз Премьер-Министрдің кеткеннен дәл қазір пәлендей көп нәрсе өзгере қоймайтын болғандықтан, соңынан бұл пайымынан бас тарттық.

Ал алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа өзінің орнын сақтап қалу үшін ішкі жаулармен біршама текетірес пен тәжікеге түсуге тура келді. Ол 2 қаңтар, жексенбі күні түске таяу болып жатқан оқыс оқиғаларға орай Үкімет басшысы Аскар Маминге Маңғыстау өңіріндегі ахуалды жедел тексеріп, зерттеп, талқылауды тапсырды. Сондай-ақ жағдайға баға беру мен оны бейбіт түрде реттеп шешудің жолдары мен тәсілдерін қарастыру да назардан тыс қалмауға тиіс болды. Осыдан кейін көп ұзамай бұл жолғы шерулердің шермендесіне сұйытылған газ бағасының кенеттен күрт өсуінен бөлек, біраздан бері айтылып жүрген халық табысының теңсіздігі мен әлеуметтік жағынан өзара іштей жіктелуі, билеуші элита мен шенеуніктердің сыбайлас жемқорлыққа батуы, непотизмнің жүгенсіз асқынуы мен заңсыз баюшылық әрекеттеріне

ПРЕЗИДЕНТ БАР БИЛІКТІ ӨЗҚОЛЫНА АЛДЫ

тыйымның аздығы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің шектен шыққан қатыгездігі, ел экономикасының түйсіксіз тоқырауы, бағаның барлық салада көтерілуі теңгерілу қунсыздануы мен инфляцияның үдеп артуы, халықтың басым бөлігінің тапшылық күйіне түсуі, Нұрсұлтан Назарбаевтың елдегі ұзақ мерзімге созылған авторитарлық және автократиялық билігінің әлі күшінде келе жатқаны, сонымен бірге жариясыз қос биліктің жұртты әбден ығыр қылғаны, бұқаралық ақпарат құралдарының қауқарсыздығы мен сөз бостандығының шектеулілігі, адам құқықтары мен бостандықтарының жиі бұзылуы секілді мәселелердің жататыны белгілі болды.

Тағы бір айта кететін жайт, Қаңтар оқиғасының көптен бері дайындалып барып шығып отырғаны қарсылық қозғалысының алғашқы күндері-ақ белгілі бола бастады. Мұны ұйымдастырушылар халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелеріндегі олқылықтарды тиімді пайдаланып қалуға ұмтылғандары да анық байқалып қалды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұның бастауын өзі Мемлекет басшысы болып келгеннен кейін қолға алған реформалары байырғы гвардияның көптеген өкілдеріне ұнай қоймағанынан іздестіреді. Ол «Егемен Қазақстан» газетіне 2024 жылдың 3 қаңтарда жарияланған

Көкшетау, Орал секілді қалалардың көшелеріне шығып, экономикалық мәселелерімен қоса саяси өзгерістерді де талап етуге көшті. Бастапқыда бейбіт басталған наразылық шаралары артынан қарулы қақтығыстар мен тонаушылыққа ұласты.

Қаңтар қақтығысының осы алғашқы күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаев солардың бөріне қарсы тұра алатын және тұруға тиісті жалғыз адам бір өзі екенін анық сезінді. Оның жанында өзімен күнделікті етене жақын бірге қызмет етісіп жүрген қызметкерлерінен ешкім қалмайды. Күштік құрылымдар басшыларының қасақана жасаған қысастықтары мен сатқындықтары болмаса, олардан әзір ешқандай қайран жоқ екенін Мемлекет басшысы сол бойда анық түсінсе керек. Егер ол осы сәтте билік басынан кетсе, мемлекет бірден құлаған болар еді. Содан кейін бұл орынға кімдердің келетінін жағдайдың қалай қарай өзгеретін кім білсін? Біздің есебімізше, шамасы, 4 қаңтар күнінің ертеңілік мезгілі болуы кәдік, оның алдына бітімгерлік жалауын ұстағандай болып екі лауазымды тұлға келеді. Жай келмейді, ультиматум арқалай келеді. Бұл екі елшінің кімдер екені жайындағы әңгіме сол кездерде-ақ ел ішіне тарап кеткен болатын.

Осы сәттерді ресейлік журналист-жазушы Леонид Млечин өзінің 2022 жылдың желтоқсан

«күш жылға» қайта оралуға шешім қабылдағанын, сосын бұл орынға «мейлінше лайықты» адамды қойып кеткісі келгенін жеткізгенін айтады, ал әлеуметтік желілерде осы жайында жазылуда. Міне, осындай сілімтік себеппен Тоқаевтан құтылуға шешім етіліпті. Ал Мәсімовтің өзіне шексіз өкілеттікті еңшілейтін Премьер-Министрдің лауазымы уәде беріледі-міс», - деп жазды.

Млечин қаңтардың сол шешуші күндерінің бірінде Президенттің отандастарына арнаған үндеуінде «Мен қаламын» деп айтқанын атап өтеді. «Оның неге бұлай дегенін жұрттың бәрі бірдей ұғына қойған жоқ. Ал бұл сөздер сол уақытта билікті басып алғысы келгендерге, президентті кедергі көріп жүргендерге арналған еді», - деп түсіндіреді Млечин сосын. Мұны Президент оқиғалар басталғалы бері бірінші рет теледидар арқылы халықтың алдына шығып, алғашқы үндеуін жариялаған кезінде айтты.

Жазушы сондай-ақ бүлікке дайындықтың содан бірнеше күн ғана бұрын қызу қолға алынғанына назар аударады. Әлбетте, қаламгердің мұның бәрін Президенттің өз аузынан естіп, оның келісімі алғаннан кейін ғана жазып отырғанын ескерсек, Қасым-Жомарт Кемелұлының әлдеқандай бір түйсікпен немесе сенімді ақпарат кездері арқылы бір бүліктің

II-тарау ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

сұхбатында соның алдында елдегі саяси жүйені демократияландыруға, қоғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономиканы монополиядан арылтуға бет бұрылып, өзінің жеке ұсынысы бойынша құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жиындарында көптеген бастама көтеріліп, бағыттың айқындалып қалғанын атап өтті. Бірақ осының бәрі мысықтйлеу әлдекімдерді «күндіз - күлкіден, түнде - ұйқыдан» айыра бастағанға ұқсайды. «Ашығын айтсам, осы жаңа бағдарымыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ, - дейді Қасым-Жомарт Кемелұлы осы сұхбатында бұдан әрі. - Олар бұл өзгерісті елімізде өбден тамыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады».

Ал осы «кейбір ықпалды адамдардың», яғни жоғары лауазымды кісілер шоғырынан құралған бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс әлеміне де орасан зор ықпалы болған. Сондықтан олар билікті күшпен басып алуға бел буды. Тергеу мөлiмeттерiне жүгiнсек, олар 2021 жылдың ортасына таман дайындыққа кіріскен. Міне, тап осы сол уақыттан кейін Айсұлтан Назарбаев та Үшқоңыр тауының басында содырлардың бір шайқастар үшін арнайы даярланып жатқанын дабыл қаға жеткізіп еді. Оқиғаның басталуына санаулы ғана күндер қалғанда бұл кезде Түркияда тұрып жатқан, республика Ұлттық қауіпсіздік комитетімен тығыз байланысы бар қылмыс әлемі серкесі - «Дикий Арманның», яғни Арман Жұмагелдіевтің елге шұғыл шақыртылып алынғанының өзі де көп нәрсені айқындай түседі. Бандит өз тобырымен бірге осы күндері Алматыда қызу әрекет еткендіктен, ол жайындағы жайттарды сол қаладағы оқиғалар туралы жазған мақаламызда атап өттік.

Бүлікті ұйымдастырушылар бұл лас тірлікке Үкіметті де тізерлеп тұрып көндіріп, қосып жіберген. «Сосын Үкімет сұйытылған газдың бағасын күрт өсіру туралы жөн-жақты ойластырылмаған, құқықтың негізі жоқ шешім қабылдады. Маңғыстау облысында арандатушылардың айтағына ілескен жұрт шеруге шықты», - дейді Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайда ағынан жарылып. Ал біз осы «ағынан жарылуының» астарынан көтеріліске дем берген, дүмпу қосқан «жұмбақ», «тұманды», «елес» адамның тұрқы мен тұрпатын кескіндеп көріп тұрғандай боламыз. Жағдаяттың бәрі соған үйіріліп келіп тұр. Қарсылық қимылдарының қаһары Нұр-Сұлтан мен Астанаға жеткен бойда республика күштік құрылымдарының бөрінің - Қарулы күштер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі басшыларының бір мезгілде түгел өз қызмет орындарын тастап, ғимараттарын бүлікшілердің талқандауына ашық қалдырып кетулеріне пәрмен бере алатындай соншалықты құдіретті тұлға бізде көп емес. Оның тіпті, Президентті қоспағанда, жалқы ғана болуы мүмкін. Бірақ Мемлекет басшысы бұл жөнінде кейбір тұспалдар жасағаны болмаса, әзір ашып ештеңе айтпайды.

Қаңтардың 2-сі күні Жаңаөзен тұрғындарының қозғалысына оған жақын маңдағы бірнеше ауыл мен Ақтау қаласының жұртшылығы қосылды. Келесі күні наразылық акциялары Қазақстанның басқа қалаларына біртіндеп тарай бастады. Сөйтіп, 3 қаңтарда Маңғыстау облысының тұрғындарына қолдау көрсету мақсатында Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Орал қалалары мен Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында жергілікті халық бейбіт митинглерге шықты. Осы тұста Шымкент пен Қызылордада полиция жасақтарының саптары күшейтіліп жатты. Ал 4 қаңтар күні наразылық екінің қамтыған өңірлер 11-ге жетті. Олардағы халық Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Қарағанды, Астана, Шымкент,

айының басында жарыққа шығарған «Трагический январь. Президент Токаев и извечные уроков» деп аталатын кітабында біршама суреттеп береді. Ол мұнда Елбасы мен оның мұрагерінің осы жолы атқарған рөлдеріне барлау жасап етуге әрекет етеді. «Осының бәрін шығарғандар мемлекет басшысы осалдық танытады, ештеңеге батылы бармайды, қорқады, бәлкім, өз өмірін қатерге тікпеу үшін шетелге кетіп қалуға асығады деп ойлаған да шығар. Өйткені, олардың ұғымында Тоқаев - күштік құрылымның адамы емес, ол бар болғаны - дипломат, зиялық», - деп түйіндейді жазушы бұл мезетті.

Бұдан әрі Млечин Назарбаевтың Қаңтар қырғынынан соң президенттік қызметке қайта оралмақшы болғанын атап өтеді. Сол күндері әлгінде аталған екі жазушы Тоқаевқа қызметін тастап, елден тып-тыныш кетіп қалуы үшін 25 миллион доллар көлемінде ақша және әлемнің өзі қалаған кез-келген дәулетіне ұшып баруына қажетті арнайы ұшақ ұсынады. Жазушы осыған байланысты Президенттің монологын мынадай нұсқада ұсынады: «Олар маған шешуші сөзге баратын жеке күзетіңіз дайын... Ұшақта жүк бар - 25 миллион АҚШ доллары, былайша айтқанда, сіздің жақын уақыттағы шығындарыңыз үшін беріледі. Қайда ұшқыңыз келеді, оны өзіңіз білесіз, деді сосын». Бұдан әрі жазушы: «Олар Президенттің ұшып кететініне еш күмәнданбады. Бірақ олар қатты қателесті - деп жазды. - Тоқаев сол кезде өзінің елді тастап кете алмайтынын түсінді. Мемлекет басшысы содан кейін елді сақтап қалу үшін қолдан келгенін бәрін істеді. Иә, ол бірінші кесібі бойынша - дипломат. Бірақ дипломат болу - әлсіз болу деген сөз емес. Ал оған «Дипломатия - өркениетті жауынгердің нәзік қаруы» деген формула ұнайды».

Кейінірек, 2022 жылдың 15 маусымы күні «Россия 24» телеарнасына берген сұхбатында да Қасым-Жомарт Тоқаев Қаңтар оқиғасы кезінде өзіне «шұғыл елден кетуге табанды түрде кеңес берілгеніне» қарамастан тәуекелге бел буып, ешқайда қарай аяқ баспай, Қазақстанда қалғанын айтты. Ресейлік бұқаралық ақпарат құралдары Тоқаевтың Қаңтар оқиғаларының басына «Қазақстанның ел ордасынан ешқайда кетпейтінін» мәлімдегенін келтірді.

«Кейбір «жолдастар» маған не тіқұшаққа, не ұшаққа отырып, елден кетіп қалуды ұсынды. Мен, әрине, қандай жағдай болғанда да, бұлай етуді ойластырған жоқ едім, сондықтан ұсыныспен үзілді-кесілді келіспедім, мен мұнда ақырына дейін боламын деп есептедім», - деді Тоқаев. Ол тіпті қаңтардың осы қатерлі күндері елордадағы өз резиденциясы ғимаратынан да тыс ешқайда шықпаған екен, сол уақыттың бәрінде осында түнеп жүріпті. «Әдетте барлық төңкерістердің түпкі мақсаты, айталық, билікке басқа адамдарды әкеліп қоюға негізделеді. Бұл жолының да одан айырмасы болған жоқ», - деді Президент телеарнадағы сұхбатында.

Сірә, бұрынғы президент те өз ізбасарынан ел басына да, өз басына да мынадай қауіп-қатер төніп тұрған қыстап тұста өсте мұндай қарсылық пен ежеттік көрсетеді деп күтпесе керек, арада бірқатар уақыт өткенде, кездескен кезінде ол мұнысын ашық білдіріпті. Бұл жайында Млечин былай дел жазды: «Тоқаев Назарбаевтың өзіне айтқан сөздерін маған да жеткізді. «Мен сені отыз жылдан бері білемін бірақ сені мұндай әрекеттер атқаруға қауқарлы деп ешқашан ойламаппын» депті ол. Ал қазір республикадағылар Тоқаев өзінің Назарбаевқа деген өзқарасын түпкілікті бір жақты шешіп алады деп күтіп отыр». Бұдан әрі жазушы: «Республикада жағдайды жақсы білетін және өте сенімді кісілердің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімовтің тергеу барысында Назарбаев елдің ең жоғары лауазымына

астыртын дайындалып жатқанын күні бұрын біліп жүргенін пайымдауға болады. Сондықтан ресейлік тарихшы-журналист көп нәрсені осылай ишарамен меңзеп шығуға талпынған екен. Ол сол себепті оқиға басталатын қаңтардың басына дейін, яғни мұның алдындағы жылдың соңғы күндерінде бірқатар лауазымды тұлғалардың тарапынан Тоқаевтың маңызды өкімдеріне үнсіз тосқауыл қойылғанын, шенеуніктердің оларды елеменге түр білдіргендерін, мұның орнына кешке таман кеңселерін тастап, бөрінің Назарбаевтан кеңес алу үшін «Кітапханаға» қарай тартып тұрғандарын ашып айтады.

Жаушылар мен даушылардың бопсаларына бодан бола кетпей, бойын дереу аулақ салған Қасым-Жомарт Тоқаев 4 қаңтар, сәрсенбі күні шешуші істерге құлаш ұра бастады. Олай етпесе де болмайтын еді, наразылық толқынының тобына қосылушы өңірлер мен адамдар саны бұл уақта едәуір еселеп көбейе түскен. Соның ішінде Алматы, Талдықорған, Шымкент және Қызылорда атты қалаларда шерушілердің полициямен қақтығысы кеңге етек жайып, алғашқы бүлікшілердің ұсталып жатқаны жайлы мәлімдеме келді. Кешке бұлардың қатарына Қарағанды, Тараз, Көкшетау қалалары қосылды. Бірақ Президент осы күндері нағыз «ақпараттық ашықтық» бастан кешті. Бұл үшін күштік құрылымдар айрықша белсене жұмыс істеп, Тоқаевты қоғамның өмірінен барынша оқшау қалдыруға тырысып бақты.

Осы жағдайға шолу жасаған Млечин кейін: «Міне, республикада тағы мынадай сөз шығып жатыр: алғашқы күндері - 2022 жылдың 4-6 қаңтары аралығында - Тоқаев қауіпсіздік күштері ұйымдастырған алаңсыз ақпараттық оқшаулануға тап болады, - деп жазады кітабында. - Осы күштер жетекшілері сол күндері Мемлекет басшысын тәртіпсіздіктің ауқымы, іргелі облыстар орталықтарына шабуыл жасаған қарақшылар саны, олардың Ақорда мен Президент резиденциясына жорыққа шығу жоспарлары жайында өсіріп айттып, оны үрейлендіре түспекші болды. Сол уақытта Тоқаевқа жақын болған штаб мүшелері - аз ғана адамдар тобы - кейін маған белгілі бір мағынада «Президент елдің тағдыры үшін бандиттер мен күштік блок сатқындарына қарсы жалғыз өзі күресті» дегенді айтты».

Қаскөй күштік құрылымдар басшылары осылай Мемлекет басшысының өзіне деген сеніміне селкеу түсіре бергенді жөн көрген сияқты. Дегенмен олар қанша өршеленіп бақса да, бұл мақсаттарына жете алмады. Осы күні Тоқаев елдегі тұрақтылық мүддесі үшін туындаған мәселенің өзара қолайлы шешімін табу міндеті жүктелді. Осы мақсатта оның мүшелері өңірлерге барып, шеруші қауыммен ортақ мәлімге келетін жолдарды іздестіруге тиіс болды. Президент сонымен бірге Twitter әлеуметтік желісіне халыққа арнаған үндеуін қалдырып, демонстранттарды жауапкершілік пен диалогқа дайын болуға, сол сияқты осы сәтте еліміздің тұтастығы мен бірлігіне сызат түсіруді көздейтін деструктивті топтардың үндеуіне құлақ аспауға шақырады. «Бұдан басқа да талаптар ертең елордада өтетін кеңес барысында жеке қарастырылады» деп жазды Тоқаев. Ол Үкіметтің елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сұйытылған газ бағасының әр литрін 50 теңгеге дейін төмендету туралы шешім қабылдағанын да еске салып өтті.

Түнде республика бойынша жүздеген адам қамауға алынып, сол күні түнде ел аймағында Интернет байланысы өшірілді. Маңғыстау облысы мен Алматы қаласының аумағына төтенше жағдай енгізілді. Тоқаев өзінің түнде жасаған мәлімдемесінде «Үкімет құламайды», яғни «билік енді ауыспайды» дей келіп, бізге қазіргі таңда қақтығыс емес, өзара сенім мен диалог қажет» дегенді алға тартты. Ол сондай-ақ азаматтық және ескери ведомстволардың қызметтік баспаналарына шабуыл жасауға еліктірудің заңға қайшы келетін әрекеттер екенін ескертіп, жастарды «өздерінің өмір жолдарын» бұзып алмауға және «жақын жандарының өмірлеріне залал келтірмеуге» шақырды. Осы күннен бастап құқық қорғау органдарына өз қызметкерлері мен әкімшілік ғимараттарына жасалған шабуылдарға тойтарыс беру үшін өлімге апарып соқтырмайтын құралдарды қолдануға рұқсат етілді.

(Жалғасы бар)

Әдетте Жібек жолын Қытайды Самарқан мен Бұхара сияқты ірі қалалармен байланыстырған оңтүстік бағыт ретінде атайды. Алайда соңғы зерттеулерде мүлде басқаша көзқарас басым: Сырдария өзені бойымен өтетін солтүстік дәліз бір кездері Шығыс Азия мен Алтын Орда арасындағы сауданың күретамыры болған екен.

Бүгінде қала қирандыларын құм қатпарларынан біртіндеп аршыған сайын, осынау ұмыт қалған желі Орталық Азияның өлем тарихындағы рөлі туралы түсінігімізді қайта қарауға мәжбүрлеп отыр.

СЫРДАРИЯ ДӘЛІЗІ ҚЫТАЙДЫ АЛТЫН ОРДАМЕН ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСТЫРДЫ? Жібек жолы күллі Азияны тармақтай қамтыған сауда жолдарының желісі болған. Алайда қалыптасқан қоғамдық түсінік оны Самарқан мен Бұхара арқылы өтетін оңтүстік бағыт деп келеді.

Ал деректер басқаша сөйлейді: жүздеген жыл бойы, тіпті Жібек жолының 16–17-ғасырлардағы құлдырауына дейін, Сырдария бойымен өтіп, Отырар, Түркістан, Сығанақ және Сауран сияқты онша танымал емес қалаларды қамтыған солтүстік бағыттағы қатынас жолы анағұрлым маңызды рөл атқарған. Дәл осы жол Алтын Орданың орыс жерлерін түркі-моңғол өлемінің басқа бөліктерімен байланыстыратын негізгі сауда және қатынас дәлізінің қызметін атқарған.

ЖІБЕК ЖОЛЫН ҚАЙТА ҚАРАСТЫРСАҚ... «Жібек жолы» атауын 1877 жылы ғылыми айналымға енгізген неміс геологы Фердинанд фон

тармақпен қосылатын, не болмаса Сырдария өзені бойымен Арал теңізінің солтүстігін айнала өтіп, одан әрі Еділ сағасына және Алтын Орданың астанасы Сарайға қарай бет алатын.

СОЛТҮСТІК ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ГҮЛДЕНУІ. Сырдария бойымен өтетін солтүстік-батыс бағыт (шартты түрде Солтүстік Жібек жолы деп атауға болады) — Исфиджаб (Сайрам), Отырар, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Жезд және Янгикент (Жанкент) қалалары арқылы өтіп, әрі қарай Арал теңізінің солтүстік жағалауын бойлай, шөлдер мен далалар арқылы Еділ сағасына жететін. Одан кейін жол Алтын Орданың орталықтары — Сарай мен Қазанға немесе батысқа қарай Қара теңіз жағалауындағы Қырым хандығына қарай жалғасатын.

Кей керуендер Қытайдан шығатын «Іле» бағытын таңдады: олар Хами мен Турфаннан Жоңғар қақпасы арқылы Алакөл маңынан өтіп, Балқаш көлінің оңтүстігіне қарай түсіп, Іле өзенінен өтіп, қазіргі Қазақстанның Жетісу өңірі арқылы жүретін.

Айта кетер бір жайт, 13-ғасырда (кері бағытта) Орталық Азияға келген алғашқы еуропалықтар дәл осы жолды пайдаланған. Мысалы, папа елшілерінің екеуі — дін қызметкерлері Вильгельм Рубрук пен Джованни да Пано Карпини Қарақорымдағы моңғол астанасына барарда осы жолмен жүрген. Бұл жағдай осы бағыттың сол кезеңде-ақ қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді.

ӨЗ КЕЗЕҢІНДЕ ОТЫРАР ЛОНДОН МЕН ПАРИЖДЕН ДЕ ҮЛКЕН БОЛҒАН. Рубрук 1254 жылы Қаялықта (Қойлық) болған сапары туралы

керуендер Тянь-Шаньнан бастап Еділ сағасындағы Итильге (Атиль) дейін қатынаған.

Сондай-ақ Түркістан қаласын да атап өтеске болмайды. Мұнда Темір әулеті дәуіріндегі сәулет өнерінің ең көрнектілерінің бірі — Қожа Ахмет Яссаудің әйгілі кесенесі орналасқан. Қала ежелгі Ясы шаһарының орнында қалыптасып, орта ғасырларда Орталық Азияны, Қытайды және дала өлемін байланыстыратын маңызды сауда әрі діни орталыққа айналды. Кейін Қазақ хандығының астанасы болып, оның өңірлік маңызы тек саудамен ғана шектелмей, басқа салаларда да арта түсті. Көп қалалар 12–13-ғасырлардағы моңғол шапқыншылығына дейін-ақ қалыптасып, гүлденгенімен, бұл кезеңде сауда негізінен жергілікті сипатта болды. Олардың кейбірі, мысалы, моңғолдар қиратқан Отырар, Алтын Орданың Орталық Азия мен оңтүстік Ресейде күшеюінен кейін қайта жанданды. Жошы ұлысының иеліктері Еділден бастап оңтүстіктегі Арал теңізіне дейін созылып жатты. Дәл осы кезеңде Қытай мен Үндістаннан Орталық Азия арқылы өтетін сауда қарқынды түрде дами бастады. Бұл ең әуелі моңғол әскерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін керек еді. Бұл саудадан Алтын Орда ғана пайда көрген жоқ. Тарихшы Чарльз Гальпериннің айтуынша:

«Кем дегенде 16-ғасырға дейін Мәскеу мемлекеті шығыс саудасына, әсіресе Парсы елімен жүргізілген саудаға белсенді қатысып отырды, сондай-ақ Ярославль мен Еділ бойындағы қосылған хандықтар — Қазан мен Астрахань да осы үдеріске тартылды».

(тері илеу мен бояуда қолданылатын, жәндіктерден алынатын өнім), ашудас және басқа да тауарларды тікелей көзінен алуға мүмкіндік туды. Түріктерден төнетін қауіпті айналып өтіп, Италия мен Испанияның бақылаусыз, сондай-ақ Португалия королінің рұқсатынсыз жеткізуге болар еді. Осылайша, Ресей мен Парсыдан келетін барлық тауар мол көлемде Солтүстік теңіз арқылы Англияға, одан әрі ағылшындар арқылы Фландрия, Германия, Франция, Испания мен Италияға таралатын еді».

«Мәскеу компаниясы» 1555 жылы корольдік хартия алып, екі жылдан кейін Мәскеу арқылы Орталық Азияға алғашқы экспедиция ұйымдастырды. Энтони Дженкинсон Лондоннан Жібек жолының байлығына жол ашу мақсатында төрт сапар жасаған. Соның біріншісі — осы Бұхара сапары. Ол Бұхараға жетіп, Каспий теңізін кесіп өткен алғашқы еуропалық болды.

Кейін ол сауда байланыстарын орнату мақсатында Иранға екі рет сапарлады. 1557–1581 жылдар аралығында Еділ арқылы Иранға алты ағылшын экспедициясы жіберілді. Алайда 1590 жылдары орыс патшалары компанияны еркін транзит құқығынан айырған соң, ағылшындар Парсы шығанағында сауда өкілдігін ашты. 1620 жылы олар Иран шахы Ұлы Аббаспен одақ құрып, португалдарды Парсы шығанағындағы бекіністерінен ығыстырды. Осылайша, ағылшындар Жерорта теңізіндегі генуялықтар мен венециялықтардың ықпалын әлсіретіп, болашақ Британ империясының негізін қалады. Бұл кезеңде халықаралық теңіз саудасы қарқынды түрде

ҰМЫТ БОЛҒАН СОЛТҮСТІК ЖІБЕК ЖОЛЫ

Рихтгофен болса, содан бергі ғалымдар осы бір үлкен ұғымның нақты нені білдіретіні жөнінде әлі күнге дейін дауласып келеді.

Бір қарағанда, мұның қарапайым әрі түсінікті анықтамасы бар сияқты: «Жібек жолы деп жібекті Қытайдан Орталық Азия шөлдері арқылы Еуропаға құрлықпен тасымалдаған жолды атаймыз». Алайда бұл анықтамадан шығатын жауаптан гөрі сұрақ көп.

Жібек жолын шығыс-оңтүстікте Қытаймен шектеу керек пе, әлде Жапония, Корея, Үндістан және басқа да өңірлерді де қамту қажет пе? Ол шынымен де ең алдымен жібек саудасымен байланысты болды ма, әлде Дэвид Чаффес еңбегінде көрсеткендей, шешуші рөлді жылқы саудасы атқарып па еді? Ол бір ғана бағытта жылжыған жол болды ма, әлде күллі Азияның жүздеген қаласын жалғаған көптармақты желі ме еді?

Бұл сұрақтардың нақты бір жауабы жоқ. Ғалымдар мен тарихшылардың көзқарасы әртүрлі болса да, жалпай туризм дәуірінде көпшілік санасында бұл ұғым ең алдымен Орталық Азиядағы Самарқан мен Бұхара, сондай-ақ шығысқа қарай — Қашғар мен Жаркентпен байланыстырылып келеді.

АЛҒАШҚЫ САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК АЛМАСУ. Самарқан мен Бұхара тек 14-ғасырдың соңына қарай, Өмір Темір дәуірінде Жібек жолында ерекше маңызға ие бола бастады. Темір Самарқанды астана етіп (кейін өзі осында жерленді), оны сәулет ескерткіштерінің ғажайып үлгілерімен көркейткені белгілі. Бірақ бұл екі қала оған дейін дәл сол деңгейде маңызды болған жоқ.

Жібек Рим империясы заманынан-ақ бағалы тауар ретінде жоғары сұранысқа ие болғанымен, алғашқы кезеңдерде Қытай империясы Орталық Азия арқылы Батысқа тауар экспорттауға айтарлықтай мән берер қойған жоқ. Сауда негізінен жергілікті сипатта болып, көбіне көршілес қалалар арасында жүргізілді. Бұл әсіресе Орталық Азияда Қытай ықпалы күшейген және буддизм кең тараған кезеңдерде байқалды. Жібек жолы халықаралық сауда жүйесіндегі маңызды рөлге кейінірек ие бола бастаған-ды.

7-ғасырдан бастап арабтардың Орталық Азияның оңтүстік өңірлеріне жылжуы, сондай-ақ оның солтүстік және орталық аймақтарында түркі халықтарының ықпалының күшеюі, керісінше, Қытаймен арадағы сауданың дамуын тежеді. Өйткені сол кезеңде Самарқан мен Бұхараның өркендеуіне елеулі үлес қосқан арабтар сауда байланыстарын ең алдымен Бағдат пен Иранға бағыттаған еді.

«МОҢҒОЛ ҒАЖАЙЫБЫ». Бір қызығы, 13-ғасырдың басында моңғолдар мен олардың одақтасарының пайда болуы Жібек жолы бойындағы сауданың дамуына үлкен серпін берді. Осы кезеңде Шыңғыс хан әскері небәрі бірнеше онжылдық ішінде Еуразияның едәуір бөлігін жаулап алды. Мұндай ұлан-ғайыр империяны басқару үшін тиімді байланыс жүйесі қажет болды. Ол моңғолдардың ям қызметіне (моңғ. ötbö) негізделді: бұл пошта және курьерлік станциялардан тұратын желі еді. Осы жүйе империяның астанасы Қарақорым мен Батысқа қарай созылған түрлі ұлыстар арасындағы жедел байланысты қамтамасыз етті.

1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін империя оның төрт ұлының иелігіне бөлінді: Жошы (қайтыс болғаннан кейін оның билігін ұлы Бату жалғастырды), Шағатай, Үгедей және Төле. Олардың ұрпақтары Ұлы ханның мәртебелі билігін мойындай отырып, Орталық Азияны ғана емес, Қытай, оңтүстік Ресей, Иран мен Шығыс Түркістанды алып жатқан алып империяны биледі.

Моңғолдардың ям жүйесі қатаң бақылаудағы, жақсы жабдықталған әрі сенімді қорғалған құрылым еді. Ол Жібек жолының керемет тірегіне айналды. Осы жолмен әскер жүрді, қару-жарақ, азық-түлік, тіпті мал азығы да тасымалданды. Кейін империя нығайған сайын бағалы бұйымдар жүктің қатарына қосыла бастады. Батысқа баратын ең күрделі бағыттардың бірі империяның ел шалғай аймақтарына — Балқаш пен Оралдан Мәскеуге дейінгі жерді қамтыған Алтын Ордаға жетелейтін жол еді.

«Pax Mongolica», яғни «моңғол бейбітшілігі» кезеңінде, әсіресе Шыңғыс ханның немересі Құбылай Юань әулетін құрып, император болғаннан кейін Қытайдан келетін тауар ағыны едәуір күшейді.

Қазіргі Шыңжаң аумағындағы Такла-Макан шөлін айналып өтетін екі негізгі керуен жолы болды: бірі — Хами арқылы өтетін солтүстік бағыт, екіншісі — Тибеттің солтүстігіндегі таулы аймақтарды жағалай өтетін оңтүстік бағыт. Солтүстік жолмен жүргендер не Қашғарға бұрылып, кейін оңтүстік



Сауран қаласының қабырғалары

егжей-тегжейлі жазып қалдырған. Бұл — Жетісу өңірі, Балқаш көлі маңында, қазіргі Талдықорғаннан шамамен 190 шақырым солтүстікке қарай орналасқан ірі қарлұқ қаласы (қирандылары бүгінгі күнге дейін сақталған). Рубрук Қаялықта мешіттер, будда гихадатханалары және несториан шіркеулері болғанын, ал тұрғындарының көпшілігі парсы тілінде сөйлегенін атап өтеді.

Қытайдан немесе Моңғолиядан келген саяхатшылар Қаялықта аялдап, Жетісу қалалары — Ақтам, Қарамерген және Ағашаяқ арқылы оңтүстік-батысқа қарай Таразға немесе Исфиджабқа бет алып, сол жерден Жібек жолының Сырдария бойындағы негізгі тармағына түсетін. Бүгінде бұл қалалардың көпшілігінен із қалмаған, өйткені олардың біразы 13-ғасырда моңғол шапқыншылығы кезінде қиратылып, қайта қалпына келтірілмеді.

Сырдария алабындағы бірқатар көне қалашықтарда жүргізілген табысты археологиялық қазба жұмыстары өңір елдеріне олардың көпшілігін ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу жөнінде ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Мәселен, Қазақстан Ферғана — Сырдария дәлізі деп аталатын нысандар қатарына кіретін тоғыз археологиялық ескерткіштің тізімін ұсынды. Бұл дәлізге Қытайдың орталығынан бастап қазіргі Қырғызстандағы Тянь-Шань тауларына дейін созылатын, ұзындығы шамамен 5 000 шақырым болатын Чаньянь — Тянь-Шань бағытымен байланысты және 6–16-ғасырларда гүлденген 33 қала кіреді.

Қазақстанның Ферғана-Сырдария дәлізі бойынша ЮНЕСКО-ға ұсынған өтінімінде әр көне қала жан-жақты сипатталады: олардың тарихи маңызы, сәулет ерекшеліктері, гүлдену және құлдырау кезеңдері, сондай-ақ археологиялық зерттеулер нәтижелері көрсетіледі.

Мысалы, Түркістан маңында орналасқан Отырар моңғолдар қиратқанға дейін дамыған суару жүйесі бар маңызды әкімшілік орталық болған, басқа өңірлермен сауда байланысы да жолға қойылған еді.

Сол сияқты, Сырдария бойындағы қалалардың басым бөлігі шаһарды ауыз сумен де, егіншілікпен де қамтамасыз еткен күрделі ирригациялық жүйелерге тәуелді болды. Мәселен, 1200 жылы Отырар халқы шамамен 200 мың адам болса, сол кезеңде Лондонда 40 мыңдай, Парижде 110 мың, ал Венецияда 70 мың адам тұрған. Яғни Отырар өз кезеңінде Париж бен Лондоннан да, Венециядан да үлкен болған.

Бұл тізімге енген қалалармен қатар, Асанас (Арал теңізі мен Хорезммен байланысқан маңызды сауда торабы); Қызылорда маңында орналасқан, орта ғасырларда гүлденіп, Сырдария арнасының өзгеруі мен өңірлік қақтығыстар салдарынан құлдыраған *Қышқала*; қыпшақ мемлекетінің, кейін Ақ Орданың астанасы болған *Сығанақ*; ішінара сақталған қуатты қамал қабырғаларымен, орларымен және некрополімен белгілі *Сауран*; Арал теңізі маңындағы *Жанқала* (Жезд қаласымен байланысты, құрамында бекініс орталығы, тұрғын аймақ, сауда-көлөнер бөлігі, керуен-сарайлар және дамыған суару жүйесі болған ірі қала); сондай-ақ б.з.б. 1-ғасырға жататын жерлеу ескерткіштері бар, осыз мемлекеттің астанасы әрі ірі бекіністі сауда орталығы болған *Жанкентті* атауға болады.

Жанқала мен Жанкент маңында Қызылорда облысындағы Байқоңыр ғарыш айлағынан шамамен 90 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан Жетіасар оазисі бар. Бұл — Қаңлы мемлекетімен (немесе соғды дәстүрімен) байланысты қоныстар мен қорымдардың (некропольдердің) бірегей шоғырланған аймағы. Осы оазис арқылы

ӨМІР ТЕМІР НЕМЕСЕ ОҢТҮСТІККЕ БЕТ АЛУ. Алайда екі ғасырға жуық уақыт бойы қарқынды дамыған, еуропалық көпестер белсене араласқан Солтүстік Жібек жолының «алтын дәуірі» 1391 жылы Өмір Темірдің Алтын Орданы жеңуімен аяқталды. Өңірді бағындырған Темір Русь бағытынан бас тартып, Сыр өңіріндегі қалалардан Самарқан мен Бұхараға қарай бет бұрды.

Сауда өсе түсті, Иран арқылы Еуропаға жаңа жолдар ашылды. Темір әулеті сарайының ауқатты өкілдері осы қалаларда салтанатты сарайлар, мешіттер мен медреселер сала бастады. Кейін бірнеше ғасырда түрлі алапатқа ұшыраса да, Самарқан мен Бұхара күні бүгінге дейін сұлулығын сақтап, сәулет өнері, тоқыма бұйымдары мен әдеби мұрасының байлығымен таңғалдырудан таңған жоқ.

Алтын Орда құлағаннан кейін керуендер табысы мол жаңа нарықтарға бағыт алды. Самарқаннан оңтүстік-батысқа қарай Мерв пен Гератқа, кейін Иранға, одан әрі Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы османдық қалалар Антиохия мен Тирге қарай бет алды. Сауда негізінен ирандық көпестердің қолына шоғырланып, олар тауарларды венециялықтар мен генуялықтарға өткізіп, кейін бұл өнімдер бүкіл Еуропаға тарады. Бұған сол дәуірдегі Еуропа сурет өнерінде түрік және парсы кілемдерінің бейнеленуі дәйек бола алады.

Темірдің оңдаған қаланы қиратуы және олардың халқын жойып жіберуі тұрақты империялық басқару үлгісін қалыптастыра алмады. Дегенмен бұл оған Самарқан, Бұхара, Ташкент және көркем Түркістан қалаларын көркейту үшін орасан байлық жинауға мүмкіндік берді. Оның билігі тұсында Самарқан әлемдегі ірі қалалардың біріне айналды. Шаһар байлығы Орталық Азия, Иран, Таяу Шығыс пен солтүстік Үндістанды тонау, халқын қанау есебінен артып отырған еді. Темір қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері өзара тартысқа түсіп, империя біртіндеп ыдырай бастады.

БРИТАНДИҚ ГАМБИТ. 16-ғасырдың ортасына қарай, әсіресе 1550 жылдары Қаһарлы Иван Қазан мен Астрахань хандықтарын жаулап алғаннан кейін, Жібек жолының бұрынғы Солтүстік бағыты бойындағы сауда күрт құлдырай бастады. Әл-ауқаты керуен саудасына тікелей тәуелді Сырдария бойындағы қалалар біртіндеп қаңырап бос қалды немесе бұрынғы қуатының әлсіз көлеңкесіне айналды. Бұрын моңғол әскерінің қатаң бақылауында болған қауіпсіздік жүйесі де құйреді. 1560 жылы ағылшын саяхатшы-көпесі Энтони Дженкинсон Бұхараға жеткенімен, жол бойындағы қақтығыстарға байланысты шығысқа қарай сапарын жалғастыра алмады.

Ол Ресеймен сауда жасауға монополиялық құқыққа ие болған ағылшындардың «Мәскеу компаниясы» деп аталатын сауда ұйымының құрамында еді. Бұл топ әлі де Жібек жолы саудасының бір бөлігін Шығыс Жерорта теңізі мен Қара теңізде әрекет еткен генуялықтар мен венециялықтардан тартып алуға болады деп сенді. Олардың жоспары қарапайым болды: сауданы қайтадан солтүстікке бағыттау, не Самарқан мен Бұхарадан, не Каспий теңізі арқылы Иранның Астрахань мен Еділге жеткізу. Одан әрі тауарларды орыс өзендері арқылы Ақ теңізге шығарып, сол жерден теңіз жолымен Англияға тасымалдау көзделді. Осылайша, жібек, асыл тастар мен дәмдеуіштер саудасынан түсетін аса жоғары табыс пен бақылау венециялықтар мен генуялықтардан ағылшын көпестерінің қолына өтуі тиіс еді.

Сол кезеңде «Мәскеу компаниясының» агенті Майкл Локк атап өткендей: «Парсы елінен Ресей арқылы өтетін сауда Англия үшін аса маңызды болар еді. Асыл тастар, жібек, дәрі-дәрмек, галл

кеңейе түсті. Шығысқа апаратын жаңа теңіз жолдарының арқасында сауда қауіпсіздеу бола бастады, қарақшылар бұрынғыдай керуендерді емін-еркін тонап кете алмайтын болды. Алайда «Мәскеу компаниясының» сауданы солтүстікке қайта бағыттау әрекеттері нәтиже бермеді. Соған қарамастан, тіпті 18-ғасырда да ағылшын көпестері Иран саудасының бір бөлігін Ресей арқылы өткізу жолдарын іздеуді жалғастыра берді. Мәселен, 1743 жылдың қыркүйегінде ағылшын көпесі Джонас Хенвей Санкт-Петербургтен Мәскеу, Царицын және Астрахань арқылы сапар шегіп, сол жерден кемемен Каспий теңізін кесіп өтіп, Иранға бет алғанды. Алайда Хенвейдің бұл сапары сәтсіз аяқталды: жүгінің көп бөлігі ұрланып, өзі сырқаттанып, кемесіне қарақшылар шабуыл жасады. Осыдан кейін ағылшындардың сауданы солтүстікке бұрмақ болған талпыныстары тоқтады дегуге болады. Солайша, шамамен жүз жыл бойы Орталық Азия қалалары жаңа көлік түрлері басым бола бастаған өлмен біртіндеп тыс қалып, құлдырай берді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ РЕСЕЙДІҢ ЖАУЛАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ. 19-ғасырдың соңында, Ресей Орталық Азия хандықтарын жаулап алғаннан кейін Каспий жағалауындағы теміржол салынды да, соның арқасында бұл аймаққа саяхаттау да, ішінара қатынау да едәуір жеңілдеді. 1888 жылдың көктемінде осы өңірді бақылауға алу мақсатында салынған әскери теміржол уақыт өте келе Орталық Азияның кіндігіне жеткізетін басты байланыс бағытына айналды. Каспий теңізі жағалауынан басталған бұл жол Ашхабад пен Мерв арқылы өтіп, Бұхара, Самарқан және Ташкентке жетті. Еуропа саяхатшылары үшін де ең қолайлы бағыттардың біріне айналды. Енді олар Самарқандағы Регистан алаңына еш қиындықсыз жете алатын еді.

Жаңа теміржол Сырдария бойымен өтпей, Самарқан мен Бұхараны қамтыды. Соның әсерінен Жібек жолы дәуірінен сақталып қалған басты орталық дегенде әуелі осы екі қала еске түсетін болды. 20-ғасырдың басына қарай бұрынғы Солтүстік Жібек жолы біржола ұмытыла бастады. Бүгінде Сырдария бойындағы көне қалалар қайтадан картаға түсіп, археологтар оларды тереңірек зерттеген сайын, Солтүстік Жібек жолының маңызы жаңа қырынан айқындала түсті. Жаңа дәуірдің бас кезінде дәл осы бағыт Моңғолия мен Қытайды Орталық Азияның далалары мен шөлдері арқылы Алтын Орда иеліктерімен, соның ішінде Ресейдің оңтүстігімен байланыстыратын басты сауда дәлізі болғаны анық. Өзен бойындағы қалалар желісін моңғолдардың пошта станциялар жүйесі қорғады, бұл тек қауіпсіздікті ғана емес, жылдам қатынасты да қамтамасыз етті. Бұл сол заман үшін таңғаларлық жылдамдық еді. Осынау табысты бағыттың құлдырауына бірнеше фактор әсер етті. Ең алдымен, Алтын Орданың құлдырауынан кейін өңірде билігі басым болған Өмір Темірдің әскери жорықтары сауданың басым бөлігін оның сүйікті қалалары Самарқан мен Бұхараға бұрды. Ал шамамен бір жарым ғасырдан кейін Қаһарлы Иванның Қазан мен Астрахань хандықтарын жаулап алуы одан да үлкен соққы болды. Бұған қоса, Шығысқа, Оңтүстік Азияға теңіз жолдарының ашылуы әлемдік сауда жүйесін түбегейлі өзгертті.

Дегенмен Жібек жолының Солтүстік бағытының тарихы мұнымен аяқталмайды. Құм астынан көне қалалардың қалдықтары қайта аршылып, жаңа археологиялық зерттеулер жүргізілген сайын, Орталық Азия мен тұтас Жібек жолының тарихына қатысты түсінігімізді жаңаша пайымдауға мүмкіндік туып отыр.



ТОҚТЫ

Қаржы мәселесінде қиындықтар бар. Жұмыста да міндет ауқымды. Оның үстіне отбасылық мәселелер де қызып тұр. Бұрынғы көмекшілерге, немесе одақтастарға шамалы өтініш айтып, көмек сұрауға болар еді. Бірақ кім қолұшын соза қояр дейсіз? Тіпті басшылықпен де қарым-қатынас күрделі. Мемлекеттік ұйымдарға қатысы бар Тоқтыларға да оңай болмай тұр. Қарапайым деген сұрақтың өзі көпке созылып кетті. Әрине мұның бәрі көңіл-күйге әсер етеді. Күнделікті бірқалыпты жағдайда жүру оңай емес. Айдың ортасына қарай жақсы жаңалықтар пайда бола бастайды. Барлық жағынан өзгерістер бар. Іскерлік байланыстарды нығайтуға, ықпалды таныстықтар орнатуға, соңғы кездерге дейін қиын болып келген қарым-қатынастарды

еріп кетпеңіз.

Айдың соңғы жағында күрделі мәселелер орын алады, сондықтан да барлығын сараптап, ой елегінен өткізген дұрыс. Нәтижесі жаман болмайды. Іскерлік және жеке қарым-қатынастар, егер де өзіңіз күш жұмсасаңыз сенімді болады. Асықпай әрекет етсеңіз, қаржы мәселесі де оң шешіледі.



ШАЯН

Қуанышты оқиғалар, сәтті сәйкестіктер өте көп. Жаңаны қолға алғысы келетін Шаяндар шабытқа беріледі. Нәтижесінде барлық кедергілерді жеңіп шығады.

Үлкендердің ақыл-кеңесін, тәжірибелі адамдардың айтқанын назарда ұстаңыз, олардың көмегі аса қажет.



СӘУІРДЕ БӘРІ ТӘУІР БОЛАДЫ...

бастауға мүмкіндік бар. Құқық қорғауға, ғылымға, білімге, дипломатияға қатысы бар, баспа ісімен қатысты қызмет істейтін, немесе кәсіпкерлікпен айналысатындар үшін жақсы мүмкіндіктер пайда болады. Қызметтен өсуі, заңды шешімдердің дұрыс шешілуі орын алады. Алайда алдымен өзіндік бастама болуы керек. Әрине ықпалды адамдар, институттар көмектесуге әзір, бірақ алдымен Тоқтылардың өзі бірінші болып қадам жасауы керек.

Айдың соңында көптеген Тоқтылар үшін жеке қарым-қатынастар алдыға шығады. Олар өздерін салмақты, өз-өзіне сенімді сезінеді. Көптеген шешімдер де көп күттірімей шешіледі. Әріптестер мен серіктестер Тоқтылардың батылдығын байқайды, басшылық оң бағалайды. Келісім шарттарға қол қою, жобаларды бастау, біраз уақыттан бері жаңартуды қажет етіп тұрған құрылымдарды қайта құруға қолайлы кезең. Бірақ басқалардың қарсылығына дайын болу керек. Әрине қай кезде де оңды іске теріс пікірлер болатыны, көрі қадамдар жасалатыны белгілі. Бұл кедергіден бұрын өз ісіңіздің дұрыс екендігіңізді айғағы.



ТОРПАҚ

Ашықтық қайсыбір қулық-сұмдықты жеңуге үлкен мүмкіндік. Айналаңыздағы адамдар мейлі әріптестер, болмаса серіктестер, әйтпесе басшылық өтінішіңізге теріс қарамай, қолдау білдіреді. Құқық қорғау, саясат, білім, мәдениет және баспа ісімен айналысатындар үшін бұл кезең өте табысты. Көптен күткен келісім шарттарға қол қоятын, жаңа жобаларды бастайтын, ұзақ мерзімді әріптестік туралы келісімге келетін қолайлы уақыт. Әсіресе шетелдік серіктестермен тығыз іскерлік қарым-қатынастағы Торпақтар үлкен сәттілікке жетеді. Егер де шетелдердегі бизнесіңізді кеңейткіңіз, акция немесе ірі тәуекелдерді сақтандырыңыз келсе, бұған да қолайлы. Шын мәнінде қайырымдылық істерге нағыз жанашырлықпен қатысқан жағдайда беделиңіз көтеріліп, түсіңізге де кірмеген ескітер ашылады. Қаржылық қолдау, жоғарыдағылардың мақтауы, тіпті марапат барлығына көп еңбек етпей-ақ, тек шын көңілмен, адал жүректен әрекет ету арқылы қол жеткізуге болады.

Айдың орта шені күрделі. Жағдайға қарай бейімделу қиын, ақпараттар кеш түседі, немесе шынайы емес. Нәтижесінде алғашқы әсерге алданып, әлдебір жоба, немесе адам туралы қате шешімдер қабылдауыңыз мүмкін. Бұл кезеңде негізі маңызды шешімдер қабылдамаған, маңызды құжаттарға қол қоймаған дұрыс.

Айдың соңына қарай жақсы жаңалықтар жиілейді. Көңіл-күй көтеріліп, бұған дейін кейінге ысырылып келген мәселені қолға аласыз. Қиын деген жоспарлардың өзін жүзеге асыруға күш табасыз. Өз бизнесіңіз, немесе үлкен корпорация болған жағдайда да кәсіби ықпалыңызды нығайтасыз.

Соңғы уақыттары қиындау болған қарым-қатынастарды қалпына келтіресіз. Қайсыбір салада болмасын өзіңізді орындаушы ғана емес, өзгерістердің бастамашысы ретінде көрсете білесіз. Ең бастысы батылдық танытуда қорықпау керек.

Айдың соңында бұл уақытты текке өткізбегеніңізді, өз өміріңізді жақсыға қарай өзгерте білгеніңізді бағамдайсыз.



ЕГІЗДЕР

Өзіңіз үшін маңызды тұстарда өзгерістер бар. Бұған дейін армандап келген тәуелсіздікке толықтай қол жеткізбегенмен, біртіндеп жақындап келесіз. Кәсіби еркіндік, өзіндік жоба, құр арман идея ғана емес, жүзеге аса бастаған жоспар болып көрінеді. Оның үстіне көптеген ойларыңыз қолдау табады. Бұрынғы іскерлік, немесе достық қарым-қатынасты қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Араласатын орта да кеңейеді. Бұрынғыға қарағанда қоғамдық, кәсіби, немесе көңіл көтеру іс-шараларында жиі болып, пайдалы таныстықтарға қол жеткізесіз.

Айдың орта шенінде осы таныстықтарды пайдаға жаратасыз. Саясат, құқық қорғау, білім, мәдениет саласындағылар үшін өте жемісті кезең. Келісім шарттар жемісті. Маңызды келісімдер жасалады, өте қызықты, әрі көп үміт күттіретін кәсіби одақтар құрылады.


Іс сапарлар мен саяхаттар жаңа қарым-қатынастардан бөлек өз ойыңыздағында да жоғары жемісті болады. Жеке өміріңізде маңызды өзгерістер бар. Ең бастысы басқалардың ықпалына

қатысы барлар, әдемі қымбат заттар саудасымен айналысатындар үшін өте табысты кезең.

Айдың орта жағы бірқалыпты. Өз ұстанымыңызды бекіте түсесіз, бұл уақыттары немен айналысқанда да, шымдамды болып, ең бастысы тез табыс емес, болашаққа іргетас қалау екендігін ұмытпаңыз. Іскерлік қарым-қатынастарға қолайлы кезең. Ықпалды адамдар өзіңізді тыңдай біледі, ресми құрылымдар қолдау көрсетеді, әсіресе ең қажет кезінде.

Үлкендердің ақыл-кеңесін, тәжірибелі адамдардың айтқанын назарда ұстаңыз, олардың көмегі аса қажет.

Айдың соңғы жағы күрделі. Ескі жобаларды жүзеге асыруға күтпеген кедергілер пайда болады, аяқ астынан жаңа жобалар ойлап табуға тура келеді. Бұрынғы қарыз, немесе міндеттемеден хабар келеді. Іскерлік белсенділікті баяулатқан дұрыс. Қарсылықтар көп болып тұрса алға қарай ұмылта берудің қажеті жоқ. Сәтті кезеңді күтіңіз. Ол кезең де жақындап қалды.



АРЫСТАН

Еңбек айы. Барынша еңбек етуге тура келеді. Әрине бәрі оңайлықпен келмейді, бірақ ұстамдылық және жинақылық таныта білсеңіз, керемет нәтижеге қол жеткізесіз. Бизнеске қол жеткізесіз. Бизнеске қол жеткізесіз. Бизнеске қол жеткізесіз.

өз-өзін жетілдіріп отыратындар, жаңа дағдыны үйренетіндер, бұған дейін қиын болып келгенді жасап көретіндер жеңіске жетеді. Жеңіл жеңіс болмайтындығын, қателік те болатындығын түйсігіңіз сездіреді. Кейіннен барлық салмаққа төтеп беретін іргетас қалайсыз.

Ерік күші мен табандылық өз мақсатыңызға жетуге көмектескеннен бұрын басқа адамдарға оң әсер етуге ықпал етеді. Өзіңізбен іскерлік қарым-қатынастағылар кез-келген ұсынысқа құлшыныс білдіретінін біліңіз, істі ақырына дейін жеткізетін қасиетіңізді оң бағалайды. Ұзақ мерзімді келісімге, ірі келісім шартқа, мықты әріптестік байланысқа қол жеткізесіз. Ұзақ уақыт бойы ойда жүрген кәсіби жоспарыңыз жүзеге аса бастайды. Жағдайды асықтыруға тырыспаңыз, тек бәрін сапалы орындауға кірісіңіз.

Айдың екінші жартысы мүлдем бөлек. Барлық салада өсу, алға жылжу бар. Барлық өзгеріс көзге көріне бермейді, өзгерістердің кейбірі елеусіз де болуы мүмкін, бірақ оған өз күшіңізбен жетесіз. Егер де бұрын қате жіберген болсаңыз, сол қателік алдыңыздан шығады. Мүмкіндік бар кезде жөндеуге тырысыңыз.

Бұған дейін еңбегі елеусіз болып келген көптеген Арыстандар өзі көмектескен жандардан алғыс алады. Алғыс айтқандардың арасында ықпалды адамдар да бар. Көп ұзамай олар бірлесе қимылдауға ұсыныс жасайды. Бұл кезең әсіресе шығармашылықпен айналысатындар үшін өте табысты. Өйткені олар табысқа қол жеткізу үшін қалай әрекет ету керектігін біледі.

Айдың соңғы жағы жеке қарым-қатынастарда да өте сәтті.



БИКЕШ

Оқиғаларға толы ай. Өдеттегіге қарағанда өте батылсыз. Күш-қуат көп, сондықтан да көптеген Бикештер оны қайда жұмсарын білмейді. Қателіктерге ұрынбас үшін салқынқандылық, сақтық керек. Қайсыбір іспен айналысқанда да ақырын жүріп, анық басу қажеттігін есеріңіз. Барлық идеялар табысты бола бермейді. Іскерлік өлемінен бөлек, жеке қарым-қатынаста да. Бір идеямен бөліспес, немесе ұсыныс жасамас бұрын, ұсыныстың оң-солын елден ойланңыз. Іскерлік өлемінен көшбасшылыққа ұмтылысыңыз бұған дейін өзіңізге бәсекелес болмаған жандардың қарсылығын туғызуы мүмкін. Кей кездері өзіңіздің әділдігіңізді қандай жағдайда да дәлелдегіңіз келіп, ашық дау-дамайға кетесіз, немесе бірбеткейлікке салынасыз.

Жаңаны бастауға ойланңыз, дау-дамайға араласпаңыз. Ақшамен, беделиңізбен ойнамаңыз. Ең дұрысы ұстамдылық, байқампаздық, проблемаға ұласып кететін жағдайлардан аяқ тарта білу. Ішкі өлемдегі от жалынды өшіре білсеңіз, бәрі де қалпына келеді.

Айдың орта шенінде басқалардың сезімдерін, көңілдерін ескергіңіз келмейді. Сондықтан да іскерлік кездесулерде, келісім шарт жасасуда өте абай болыңыз. Оның үстіне ақша мәселесінде жоспарланбаған шығындар көп болуы мүмкін. Жеңілтектік танытпаңыз. Өз осал тұсыңызды мойындап, басқалардың ықпалында кетіп қалудан сақтансаңыз, көп қиындықтан құтыласыз. Қауіпсіз

міндеттемелерге назар аударыңыз. Құмарлықтан гөрі қалыпты мәселелермен айналысыңыз.

Айдың соңғы жағы табысты. Көптеген істер жеңіл жасалады, жеңістердің өзі де көп қуаныш әкеледі. Айта кететін жайт осы кезең биылғы жыл ішіндегі ең жарқын сәт. Көптен бері сәтті түспеген шығармашылық жобалар жеңіл жүзеге аса бастайды. Көмек қажет болса тез табылады, қажет кезде керек адамдар да табыла кетеді, қаржылық мәселені де шешу қиын емес: табысты келісім шарттар жасаңыз, өз қаражатыңызды жаңа бір жобаларға салуға да болады. Сәуір айының соңғы күндерін пайдаланып қалыңыз. Әрекет етіңіз, қаржы салыңыз, келісім шарттар жасаңыз, өзіңізге жауапкершілік ала біліңіз. Өз табиғатыңыздағы дәлдік және аналитикалық ақыл осы айдағы қолайлы уақытпен үйлесім тауып, жақсы нәтиже береді.

ТАРАЗЫ

Тынышсыз кезең. Өдеттегіге қарағанда өзіңізге тән емес ашушаңдыққа бой алдырасыз. Өз айтқаныңыздан қайтқыңыз келмейді, бәрін бетке тура айтып, өзіңіздің



көрсетеді, қызметтен өсуіңіз мүмкін, ресурс мен ықпалы бар адамдар назар аударады. Тіпті ақша кірісі болуы да мүмкін. Сіз тектен текке байымайсыз. Бұған дейін жасаған жұмысыңыздың ақысы.

ТАУЕШКІ

Көп айдың бірі емес. Көптеген Тауешкілер ұзақ мерзімді мақсаттарын дұрыс анықтай алмайды. Кей істерге басымдық бергенмен оның маңызын түсінбейді. Маңызды шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпараттар кеш жетіу мүмкін. Тез бітеді деп үміттенген іскерлік келіссөздер ұзаққа созылады. Өз идеяңызбен айналадағылармен бөліскіңіз келгенмен олардан қажетті қолдау бола қоймайды. Өз айтқанынан қайтпай, бірбеткейлік таныту іскерлік, немесе жеке қарым-қатынаста да нәтижеге әкелмейді. Бұрынғы өкпе-реніштер қайтадан еске түсіп, өз-өзіңізге сенімділік азаяды.

Кейбір іс сапарлар сәтсіз болады. Техника немесе транспорт көңіл қалдыруы мүмкін. Негізгі қаржылық мәселелерді кейінге қалдыратын мүмкіндік боса, солай еткен дұрыс.

Айдың екінші жартысы табысты. Басқалардың



дұрыстығыңызды дәлелдегіңіз келеді. Өдетте тез келісетін тұстарда ымыраға келмейсіз. Нәтижесінде іскерлік байланыста қиындықтар туындайды. Басшылық мінезіңіздегі бұл өзгерісті түсінбейді, әріптестер де кері шегінеді. Бұрын өршіте бермейтін дау-дамай, енді от жалынға ұласқалы тұр. Бәрін күшпен шешемін, немесе екінші біреуге әлімжеттік жасаймын деу қате. Қаржы мәселесіне байланысты шешімдер сәтсіз болады. Ең дұрысы маңызды іс сапарларды, келіссөздерді, құжаттарға қол қоюды кейінге қалдырып, дау-дамайлы жағдайлардан аяқ тарту. Өз-өзіңіздің ашуыңызды тежеп, салқынқандылық танытыңыз. Өз қалпыңызға қаншалықты тез келсеңіз, қиын кезең де соншалықты тез аяқталады.

Айдың орта шенінде тынышсыздыққа орай жақын адамдарыңыздың қолдауы керек. Соның арқасында барлық қиындықтарды жеңіп, мақсатқа жетесіз. Ендеше жақын адамдарыңызбен бірге уақыт өткізуге тырысыңыз.

Айдың соңғы жағының қалай болатындығы өзіңізге байланысты. Басқалардың пікірімен санасқыңыз келмейтін қасиетіңіз қиындық тудыруы мүмкін. Ал егер де басқалардың да айтқанына назар аударып, оларды тыңдай білсеңіз, жақсылыққа қарай өзгеріс бар. Бұл кезеңде де қадамдарыңызға, шешімдеріңізге абай болыңыз. Қаржы мәселесінде сақтық керек. Қызмет барысында көтерілігі келетін Таразылар іскерлік қарым-қатынаста абай болуы керек. Өзіңіз сенім білдіретін одақтастарға сүйенгенде ғана көптеген қиындықтардан құтыласыз.

Айдың соңғы жағында барлығы да қалпына келеді.



САРЫШАЯН

Бұл ай жомарттық танытып, өтірік үміт сыйлап тұрғандай. Қамсыздық танытасыз, сөзге сенесіз. Кейін орындауы қиын уәде беріп қойып, артынан өкінесіз. Сондықтан да шешім жасауға асықпаңыз. Осы уақыттары қарым-қатынас жасаған жандар қаншалықты ұнап тұрғанымен оларға бірден сенім білдіруге болмайды. Осы кезеңде басталған жобалар жоспарланғанға қарағанда қымбатқа түседі, өз-өзін ақтауы күмәнді. Қозғалмайтын мүлік мәселесінде, шетелдіктермен кез-келген қарым-қатынаста, сондай-ақ алыс серіктестермен де қарым-қатынаста абай болу керек. Іс сапарлар, саяхаттар, жұрт алдында шығып сөз сөйлеу өз ойыңыздағыдай болмауы мүмкін. Ең бастысы барлығы да жақсы болады деген ішкі дауысыңызға сенбе бермеңіз. Шамалы күте білу, күмәнді қадамдардан кейін шегіну дұрыс болар еді.

Айдың екінші жартысы мүлдем басқаша. Бұл кезеңде Сарышаяндардың бойындағы данышпандықпен ұласатын өзіндік тапқырлық күш алады. Кенеттен үлкен ойынға араласқыңыз келеді. Ірі көлемдегі ауқымды оқиғаларға араласып, барлығын үйренген қалыптан шығарғыңыз келеді. Шығармашылық потенциалыңыз күтпеген жерден оянады. Бұрынғы мақсаттар мен жоспарлар қайта қаралады, өмір сүру дағдыңыз, мақсат-мүдденіз, қызығушылығыңыз, тіпті ішкі дүниеніз де өзгереді.

Бұл уақытта өзіңіздің иік екеніңізді және қайда бара жатқаныңызды тереңінен ойланңыз. Айналадағылар өзгеруі мүмкін. Ескілердің орнына жаңалар келеді, ал олардан үйренеріңіз көп.



МЕРГЕН

Алға қойған мақсатқа жету үшін көп еңбектенуге тура келеді. Тез нәтижеге қол жеткізіп үйренген Мергендер үшін бұл ұнамсыз. Есте болсын, кәсіби өсу сәттілікке, немесе шабытқа байланысты емес. Сапалы жұмыс нәтижеге қол жеткізеді. Алға жылжу үшін жинақылық, жоғары кәсібилік, шеберлікті шыңдай білу қажет.

Бұл ай ұзақ мерзімді келісім шарттар жасауға, ұзақ мерзімді әріптестікке негіздеп, іскерлік байланыстар орнатуға, ауқымды ой менен тапқырлықты қажет ететін шешімдер қабылдауға қолайлы.

Айдың орта шені оқиғаларға толы. Бұған дейін шешілуі қиын болған мәселелер шешімін табады. Көшбасшылық қасиет көзге түседі. Өзіңіз ғана әрекет етпей, басқаларды да соңыңыздан ілестіргіңіз келеді. Өте жемісті кезең. Өдеттегіге қарағанда жұмыс та, тірлік те көп екендігіне қарамастан отбасына, жақын адамдарыңызға көңіл бөлесіз. Оларға тосынсыялар жасап, көмекке мұқтаж жандарға көмек бере біліңіз.

Айдың соңғы жағы табысты, жақсылыққа деген өзгеріс тек сәттілік қана емес, өзіңіздің еңбегіңіз байланысты. Жаңа міндеттемелер пайда болады, ессеніңе беделиңіз де артады. Басшылық қолдау

ақылынан гөрі өз ақылыңызбен әрекет еткен жағдайда көптеген мәселелерді шеше алатыныңызға көз жеткізесіз. Бұрын соншалықты қиын көрінген мәселелерді шешуге қол жетеді. Көптеген Тауешкілер көпшіліктің назарын өзіне аударғысы келеді, оған мүмкіндігі де бар.

Реті келсе осы кезеңде пайдалы істерді көп жасаңыз. Нәтижесінде қиындықтарды жеңуге мүмкіндік болады.

Айдың соңғы жағы қиындау. Бұған дейін еске түсірмеуге тырысқан міндеттемелер бәрібір алдыңыздан шығады. Көптеген Тауешкілер жүрегі қаламаса да сол іспен айналысуға тура келеді. Екі қателіктен сақтану керек. Біріншісі бас-көз жоқ ұрынбау қажет. Басқаларға әлімжеттік жасаймын десеңіз, қатты қарсылыққа тап боласыз. Екінші қателік үйреншікті схеманан жүру. Қиын жағдайларда кейін шегіне білу, келісе білу бірбеткейлікке қарағанда өте пайдалы.

СУҚҒЫШ

Қиындау. Мәселе қалайсыз оқиға, немесе бір проблемаларда емес, өзіңіздің көңіл-күйіңізде. Бұл жай әлсіреу, немесе жай-сыз сезім емес, негізі көптеген Суқұйғыштардың табиғатынан болашаққа батыл қарап, тез жинақтала қоюы қиын. Тіпті кейбіреулері салқынқандылық танытып, сабырлы бола алмайтынды да бар. Олар көп ретте басқалардың сөзіне сенеді. Оңша табысты бола бермейтін идеяларға үміт артады. Ең бастысы қауіп те осында: түйсік дегеніміз көп реттерде сенімді кеңесші бола бермейді. Ал көп Суқұйғыштар әрдайым түйсікке үміт артады. Әріптестермен келіспеушіліктер болуы мүмкін. Басшылықпен, іскерлік әріптестермен қарым-қатынас та қиындайды. Мойындағы міндеттерді кейінге қалдырып, барлық мәселені шешімінен бас тартқысы келеді. Бұл ай істеудің қажеті жоқ. Барлығынан бас тартсаңыз, мәселе одан сайын қиындайды.

Суқұйғыштардың барлығы бірдей қаржы мәселесінде мықты емес. Әсіресе осы кезеңде ақшаға байланысты шешімдерге абай болу керек. Сәуірдің екінші жартысы мүлдем басқаша қалыптасады. Көптеген маңызды шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік болады. Бұрынғыға қарағанда үлкенге ұмтыласыз, ойдағы мақсатқа жету үшін күш-қуатты аямайсыз, көптеген Суқұйғыштар тапқырлық танытып, бейімделе бастайды. Жаныңа қолға алып, тезірек нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Қаржылық мәселелерді шешуге де қолайлы кезең. Кейбір Суқұйғыштар әншейін қызығушылықпен ашылған бизнесінен табыс таба бастайды. Алиммент, немесе мұрагерлікке байланысты мәселелерге, қаржы бағытын айқындау, өтемақы, немесе басқа да мемлекеттен төлемдер алуға қолайлы болады.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең. Ескі байланыстарға да, жаңа қарым-қатынастарға да қолайлы.

Жеке қарым-қатынаста да сәтті кезең.